

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2019

ҚАЗАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Ғылыми көзқарас

Қ. РЫСБЕРГЕН. Ономастикалық атауларды латын графикасында
транслитерациялауға қатысты кейбір ұсыныстар.....3

Ұлттық тәлім-тәрбие

Қ. БӨЛЕЕВ.

А. С. ҚҰРМАНБЕКОВА. Қазақтың халықтық педагогикасындағы адамгершілік
Р.С. ЕЛУБАЕВА. тәрбиесінің теориясы мен практикасының
жасалуы.....17

Руханият

М. ӘБІЛҰЛЫ. Жауырбай бақсы.....30

Тарихи шындық

С.ОСПАНҰЛЫ.

К. МЫРЗАҒАЛИЕВА. Ұландар ұраны.....36

Сауаттылық сыры

С.А. МЕНДІБАЕВА.

Қ. Е. ҚАСЫМОВА. Оқырмандық көзқарастан сыни көзқарасқа дейін:
әдебиет сабағында сыни көзқарасты қалай
калыптастыруға болады?.....44

Ізденген жетер мұратқа

Ж. БЕЙСЕБАЕВА. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың
маңызы.....49

Көкейкесті мәселе

М.А. БЕКЕНОВА. Тіл тағдыры – ел тағдыры..... 59

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.Б. АБДИРОВА. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі.....61

Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе

Н.АЙЫМБЕТ. Авторға хат.....69

Т.К.БАЙМУРЗИНА. Ы.Алтынсарин “Қыпшақ Сейткүл” әңгімесіндегі
кейіпкерлер бейнесі.....77

Бір тақырыпқа екі сабақ

Ұ.С. БЕРДЕШОВА. Астана – әсем қала.....89

М. Х. АБДРАХМАНОВА. Астана – әсем қала.....96

Білім бастауы – Бастауыш

Д. Т. НИЯЗТАЕВА. Алмабек мектепте.....100

Ч. Б. АХМЕДОВА. Оқу құралдары.....107

Ұстаз ұсынысы

Қ.Қ. ТОҒАСБАЕВА. Бағалау және оның түрлері.....113

Сыныптан тыс шара

А. Т. КОКЕТАЕВА. Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы...127

Жұлдызды кездесу

А. А. ИРМАГАМБЕТОВА. Жалынды жастар – болашаққа жол бастар.....132

Тарих ізімен

Г. БЕКЕНОВА. Он бесінде қол бастаған – Сартай батыр.....137

Кітапхана тынысы

Н. ӘБЖАН. Сағи жырын сағынған Селим.....141

ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ҰСЫНЫСТАР

Аңдатпа: Мақала ономастикалық атауларды латын жазуына негізделген қазақ графикасына транслитерациялаудың өзекті мәселелеріне арналады. Мақалада кейбір мәселелер мен келешекте атаулардың транслитерациясы арқылы туындауы мүмкін қиындықтар көрсетілген. Транслитерацияны оңтайландыру, кейбір ономастикалық атаулардың дыбыстық бейімделуіне қатысты бірқатар ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: латын графикасы, ономастика, атаулар, кірме сөздер, халықаралық стандарт

Summary: The article is devoted to the actual problem of transliteration of onomastic names on the basis of the Latin graphics of the Kazakh language. Some problem points and difficulties that may arise in the future with transliteration of names are indicated. Some recommendations on optimizing transliteration, sound adaptation of some onomastic names are given.

Key words: Latin graphics, onomastics, titles,

linguistics, international standard

Қазақстан Республикасы Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу қажеттілігі жөнінде алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынып, соның алғашқысы латын әліпбиіне қатысты қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек». Бұл мәселеге дайындықпен келгенімізді айтып: *«2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс»*, – деген міндеттерді жүктеді. Ағымдағы жылдың 9 қазанында Елбасының бұйрығымен соңғы апостроф таңбалы әліпби қабылданды. Бұл әліпбиде пернетақтадағы әріптері жаңаша, яғни, біз дағдыланған тәртіптен мүлдем өзгеше, графемалар да өзгеше.

Ендігі жерде тілбілімінің барлық саласы мамандары осыған орай жаңа әліпбидің әртүрлі параметрдегі жан-жақты сынама жұмыстарына кірісті. Ономастика саласындағы латын әліпбиіне көшудің дайындық жұмыстары бірқатар өзіндік сипатқа ие. Бұл бағыттағы жұмыстар тілдік материалды жүйелеуден басталады. Ең алдымен Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі

барлық әкімшілік-аумақтық құрылым атаулардың (қазақша-орысша), елді мекен, жер-су атауларды, ұлты қазақ кісі есімдерін, өзге ұлт, яғни, орыстілді антропонимдер, эргонимдік атаулардың, әлемдік танымал тұлғалардың аты-жөндерін жаңа әліпбиде транслитерациялануы және жиі қолданылатын кейбір шетелдік топонимдік атаулардың таңбалану қағидаларын айқындау мақсаттары қойылды. Бұл әліпбидің апробациялық сынама кезеңінде мынадай басты мақсат-міндеттер белгіленгені жөн:

1. Қазақстандағы жер-су, елді мекен атауларының апостроф негізді латын әліпбиі негізіндегі жазылу үлгісі кирил әліпбиіндегі жазуымен салғастыру, таңбалану үлгісін дайындау үшін қатар беріледі.

2. Ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерінің апостроф негізді латын әліпбиінде және кирил графикасындағы жазылу үлгілері салғастыру мақсатта қатар беріледі. Латын әліпбиі негізіндегі жазу үлгісін қалыптастыру, келешекте орфографиялық ережелерді жасауға негіз әзірлеу.

3. Қазақстанның орыс тіліндегі топонимдері мен орысша аты-жөндердің апостроф әліпбиіндегі салғастырмалы транслитерациясы жасалды. Себебі келешекте қазақ тіліндегі түрлі мәтіндерде орыс ономастикалық атаулары міндетті түрде кездеседі, мысалы, барлық баспасөз беттерінде (газет, журнал), оқулықтар, ресми іс-қағаздарда апостроф жазуымен берілетіндіктен алдын-ала сынама зерттеу қажет.

4. Әлемдегі танымал мемлекеттердің аты мен

астана, халықаралық әуежай атаулары, құрлық, мұхит, ірі жер-су атауларын кирил, апостроф негізді қазақ жазуы және осы атаулардың халықаралық айналымдағы стандарттарының салғастырмалы кестесі жасалды. Соның негізінде жаңа қазақ жазуы мен халықаралық стандарт арасындағы ұқсастық пен алшақтық айқындалады. Келешекте апостроф жазумен транслитерацияланатын, қазақшаға аударылуы тиіс, жартылай аударылуы тиіс, өзгеріссіз түпнұсқа жазуға сай нұсқасын қалдыру, қалдырмау мәселелері айқындалады. Өзге түркітілдес елдердің әліпбиінде қалай таңбаланады деген мәселенің шешу жолдарын қарастыру, мысалы Франция және осы сынды көптеген шетел мемлекет атаулары қазақ тіліне орыс тілінен енген, халықаралық айналымда France нұсқасында танымал, ал түркі тілінде Franca деп жазылады екен. Тіліміздің табиғатына қайсы нұсқасы жақын, қолайлы, соны шешуіміз керек. Болашақ зерттеулерде XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. еңбектеріндегі көптеген сөздер мен ономастикалық атаулардың қолданысын салғастыру жұмыстарын қолға алу керек, тиімдісін, тіліміздің табиғатына жақынын қабылдау қажет.

5. Әлемге танымал кейбір тарихи тұлғалар, мәдениет, өнер, саясат қайраткерлерінің кирилше, қазақша, ағылшынша жазылуы салыстырыла зерттеледі. Нәтижесінде қандай да бір жазылу нұсқасының тиімділігі туралы ұсыныс (рекомендация) беріледі.

6. Мегалополистердің ономастикалық кеңістігіндегі

латынша жазылып жүрген эргонимдер, яғни, мекеме, коммерциялық құрылым, сауда кешендері, фирма, клуб т.б. атаулары жаңа қазақ әліпбиі негізіндегі транслитерациялық үлгісі ұсынылады, мысалы, банк атаулары-брендтердің жазу үлгісін қалыптастыру немесе өзгеріссіз қалдыру туралы ұсыныс әзірленеді.

7. Антропоним, топонимдердің жаңа латын әліпбиіндегі транслитерациялық үлгісіндегі апострофтардың қолдану жиілігін айқындау, статистикалық талдау жүргізіледі, мәселен, апострофсыз атаулар, бір апострофты, екі апострофты, үш апострофты, төрт және одан апострофты атаулардың қолдануының нақты жиілігі айқындалады.

Қазақ жазуы латын әліпбиіне көшер алдында, ұлттық ономастикадағы қазіргі жағдай қандай қалыпта дейтінге келсек, қазақ атаулары ағылшын тілді халықаралық ақпарат көздерінде, латын графикасындағы көздерде бұрмаланып, ешбір емлережесіз екі-үш, одан да көп нұсқада қолданылып жүр, яғни, атаулардың ұлттық түпнегіз нұсқасы ескерусіз қалып келеді. Бұл мәселеге орай Біріккен Ұлттар Ұйымының Стандарттау комиссиясының құжаттарында: «халықаралық стандарттауға тек қатаң ұлттық стандарттау бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады» делінген. Бұл жағдай тіліміз латын әліпбиіне көшкеннен кейін өзінің оң шешімін табар деп үміттенеміз. Мәселен, БҰҰ жанындағы Географиялық атаулар комиссиясының сарапшылар тобының пайымдауынша, ұлттық

атауларды латын графикасымен жазудың ең құнды тұсы транскрипциялардың қайтарымды (обратимый) болуы, яғни, қандай да бір атаудың кері транскрипциялағанда (кері латыншалау) ұлттық тілдегі түпнұсқа жазуының сақталуы. Ал қазіргі қолданыстағы қазақ әліпбиін латынша транслитерациялау стандарты қайтарымды емес, негізінен орыс тілінің әліпбиіне негізделген, яғни, төл дыбыстарымыз ескерілмейді. Өйткені қазіргі қолданыстағы латыннегізді әліпбиде 9 төл дыбыстарымыз *ә, ө, і, ұ, ү, ы, ң, қ, ғ* не графема, не фонема деңгейінде көрініс таппай отыр.

Алайда, бұған қарамастан, осы уақытта латын графикасы қазіргі Қазақстанның әлеуметтік мәдени кеңістігінде, жер-су аттарымызда, антропонимдік жүйеде, бұған қоса ресми құжаттарда, халықтың төлқұжаттарында белсенді түрде қолданылуда және еліміздің топонимдерін жазуда, азаматтарымыздың төлқұжаттарын, жеке куәліктерін толтыру кезінде қателер жіберілуі жалғасуда және бұл үдерісті тоқтату да мүмкін емес. Демек, лингвист ғалымдардың міндеті қабылданған латын әліпбиінің, қазақ әліпбиінің ұлттық ерекшеліктерін барынша көрсететін қазақ сөзінің, жалқы есімдердің стандарттау жобаларын жасауы, ұсынуы керек.

Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары, яғни, негізгі республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен облыс, аудан орталықтары мен кент, теміржол станса, кейбір ауылдық округ атаулары енгізілген. Сондай-ақ табиғи, физика-географиялық нысана қатарына

жататын ірілі-ұсақты көл, тау, өзен атауларының тізімі енгізіліп отыр. Атаулар алдымен кирилл жазуында және апостроф таңбалы латын әліпбиіндегі жаңа салғастырмалы транслитерациясы беріледі. Болашақ жұмыстардың мақсаты – топонимдік атаулардың жаңа латын әліпбиі графикасындағы апостроф қолдану жиілігін анықтау, сөздің қаншалықты ұзаратындығын байқау. Алдымен апострофсыз атаулар саны, бір апострофпен берілетін, екі апострофпен берілетіні, үш апострофпен берілетіні және төрт одан да көп апострофпен берілетін атаулардың нақты санын анықтау. Яғни, бұрынғы кирилл әріп саны мен латын әріп санын салғастыру арқылы нақты атаудың қанша әріпке ұзарғанын немесе қысқарғанын айқындаймыз.

Сонымен қатар кейбір атауларды транслитерациялау барысында қиындық туғызатын, әлі түбегейлі шешілмеген орфограммалар анықталады, сөйтіп олардың тиімді транслитерациялау жүйесі қарастырылады. Төменде көрсетілген атаулардағы осы апостроф негізді латын әліпбиіне сүйене отырып, бір дыбыс/бір таңба қағидасы сақталған жазуда, мәселен, *Qaraqai*, *Qaraqozy*, *Baltasai*, *Basaral*, *Tumaatsor*, *Uraqudyq*, *Ekpin*, *Aqran*, *Ertis*, *Jem* сынды апострофы жоқ атаулардың өте үйлесімді, әрі оқуға қолайлы, қабылдауға да оңай екендігі көрініп тұр.

Қазақстан аумағында біртүбірлі атаудан өзге екі, үш, төрт сөздің бірігуінен жасалған күрделі тұлғалы жер-су атаулары жиі кездесетіндігі белгілі. Зерттеуде мыңдаған жер-су атаулары (елді мекен, өзен, тау, көл атаулары) апостроф негізді латын графикасында

транслитерацияланып, олардың ішінен бірнеше сөзден жасалған атаулар арнайы қарастырылды.

Сөйтіп, апостроф негізді латын әліпбиінде транслитерацияланған бір апостроф кездесетін *Qosqyzyls'oqy* – *Қосқызылшоқы*, *S'yg'ys Jeldiqarag'ai'* – *Шығыс Желдіқарағай*, *Bas Jalay'ly* – *Бас Жалаулы* сынды күрделі атауларды өзінде жалғыз апостроф жазу сөзді тым ұзартып, арасындағы үзіктер (пробелдер) көбейіп, сөздің тұтастығы бұзылып кетеді екен. Қазақстанның кейбір жер-су атауларының ішінде бір атаудың өзінде **3, 4**, тіптен **5** және **6 апострофпен** жазылатыны кездесті, мәселен, *S'o'mis'*, *Ai'g'ai'*, *Ka'y's'ik*, *Ba'i'bis'e*, *Bu'ryltog'ai'*, *Aj'teke bi*, *Ji'renai'g'yr*, *Ko'kas's'y*, *Ko'kbi'esai'*, *Ko'ku'I'*, *Man'g'yustay'*, *En'beks'ilder*, *U's'ins'i Qai'yn'dy* – **5 апостроф**, *In'ka'rda'ri'i'a* – **5 апостроф**, *Bai'g'as'as'qai'ranko'l* – **6 апостроф**. Алынған мысалдардан, көріп отырғанымыздай, апострофтың көбейгені атауды жазу мен оқуды едәуір қиындатады екен. Мысалы, *Bai'g'as'as'qai'ranko'l* – *Байғашашиқанкөл* деген Ақмола облысындағы ауыл атын алғашында оны оқу өте қиынға соқты, тұтас бір сөз екендігін қабылдау аса ауыр, буынға бөліп, оқып, эзер тануға болады. Осы және *Jan'g'yzs'ag'yl* – *Жаңғызшағыл* сынды атауларды елді мекенге бергенде немесе картаға түсіргенде, шұбалаңқы тартып, қабылдау, оқу қиындық туғызатыны анық. Сондықтан апостроф негізді әліпбиді біржолата таңдап алып жатқан жағдайда, онда апостроф белгілерін мейілінше қысқартуға ұмтылу керек. Мұның басты себебі бұл атаулар

мектеп оқулықтарында, үлкендер мен баланың сөйлеу кезінде, қатысым барысында қолданылғанда коммуникация ауырлай түседі.

Бірге, бөлек жазу емлесіне. Қазақ тіліндегі екі, үш не одан көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған күрделі жер-су атауларының емлесін жаңа латын жазуына көшер сәтте қатар анықтап алатын мәселе. Мәселен, *Алаайғырсай* топонимі *Alaai'g'yrsai'* бірге жазылатыны белгілі. Алайда, бас апеллятивімен келетін *Бас Бұлдырық, Бас Дересін, Бас Өлеңсай, Бас Қарқара сынды атау сөздіктерде BasBuldyryq, Bas Deresin, Bas O'len'sai', Bas Qarqara* болып бөлек жазылып тұр. *Ал Хан Шыңғыс – Han S'yn'g'ys* оронимі бірге жазыла ма, жоқ, бірге ме? *Ақсу-Жабағылы, Талды-Тасты және т.б.*

Жалпы, құрамында *бас, аяқ, орта, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, жоғарғы, төменгі және үлкен, кіші, бала сынды бағыт-бағдарлық, көлем-мөлшерлік мағына қызметін атқаратын сын есімі бар атауларда* бөлек жазылып, екі компонентте бас әріппен жазылады, мысалы, *Солтүстік Қазақстан, Шығыс Желдіқарағай – S'yug'ysJeldiqarag'ai', Жоғарғы Қайрақты.* Аталғандардан өзге екі, үш, төрт сөзді жер-су аттарының бірге-бөлек жазу принциптерін айқындап алатын тұстары жетерлік. Өйткені қазірдің өзінде бір топонимдік атауды жазуда бірізділік сақталмайды. Мәселен, бір ғана *Ақбұлақ ықшамауданнының атауы түрлі көздерде Ақ-Бұлақ, Ақ-бұлақ, Ақ Бұлақ, Ақ бұлақ формасында* қолданылып жүр. Сондықтан келешекте орфографиялық ереже жасау барысында

осы мәселені ескеру керек.

Орыс атаулары транслитерациясы жөнінде.

Қазақстанда төл жазуы латын әліпбиіне көшкеннен кейін де екінші ресми тіл орыс тілі кирил жазуында қала бермек. Алайда еліміздегі орыс тіліндегі жер-су, елді мекен атаулары мен орыс аты-жөндері міндетті түрде жаңа латын әліпбиінде транслитерациялануға мәжбүр. Өйткені қазақ тілді ақпараттық кеңістікте орыстілді ономастикалық атаулар кеңінен қолданылады, күнделікті ақпараттық айналымда болады. Кирил графикасындағы орыс тілінің Ресейде арнайы романдау, латынша транслитерациялық жүйесі қолданылады. Біз келешекте сол ресейлік ережеге қаншалықты жүгінеміз, жоқ өз латын жазуымызға бейімдейміз бе? Деген мәселе туындайды. Қазақ латын графикасында таңбалау қажет екендігі күмән тудырмайды, өйткені мәтінде өзге транслитерациялық жүйенің ерекшеліктері көзге ұрып тұрады, оқшауланып көрініп тұрады. Сондықтан Қазақстандағы орыстілді ономастикалық атауларды қазақ жазуының латын графикасына бейімдеу қажеттілігі туындайды. Оның транслитерациялау мәселелері, параметрлері қандай болмақ деген сауалға жауап беру үшін осы проспект жоба аясында орындаушылар Қазақстан Республикасындағы жиі қолданыстағы географиялық атаулары мен елді мекен, кісі аттарының (тегі, аты, отчествосы) тізімін жасап, оларды апострофты латын графикасына транслитерациялап шықты және қиындық, күмән тудыратын тұстары көрсетілді.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында жартысы

қазақша, жартысы орысша атаулар, қосөзді күрделі атаудың алғашқы сыңары орыс тіліндегі сын есіммен кездесетін жағдайлар, яғни, гибрид атаулар бар екендігін айту керек. Олар кейбір жағдайларда қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, жазу емлесіне икемдестіріп таңбаланады, мысалы, *37-ші Разъезд, Құсферма, Светлый Жаркөл, Күріш Даласы разъезы, Правый Усть-Қалжыр, Никольско-Бурлықское, Зааятская*. Мұндай типтегі тіларалық интерференция нәтижесінде пайда болған топонимдердің өзіндік орфографиялық, емлесілік ерекшелігі қалыптасқан, сондықтан оларды орыс және қазақ тілі нормаларын қолдана отырып, зерттеу керек. Бұл – болашақ ойланатын, ғылыми негізін анықтайтын мәселе.

Разъезд сөзі латын графикасында *Razi`ez кирил* жазуындағы кері транскрипциясы [*разйез*] болуы керек. Бұл *ь* белгісімен келетін өзге де *сьезд, подъезд, объезд сөздеріне* қатысты, яғни, қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпия нормаларына сай транслитерациялануы тиіс. Орыс тілінің латын графикасында транслитерациялау стандарттарында (*ГОСТ 7.79-2000*) бойынша *ь белгісін (") қос апострофпен* таңбалайды екен. Ал мягкий знак *ь* белгісін осы стандарт бойынша бір *апострофпен (')* таңбалайды екен.

Алайда кісі есімдеріне, географиялық атауларға қатысты орыс тілінің латын графикасында транслитерациялаудың соңғы жылдардағы ереже-нұсқаулықтарында мягкий знак - *ь белгісі* мүлдем қолданылмай тастаған, мысалы, *Olga – Ольга, Volnoe*

– *Вольное*. Мысалы, топоним соңындағы *мягкий знак ь таңбасын апостроф* латиницамен қалай беруге болады, әлде арнайы таңба берілмейді ме? *Глядень–Gli`aden, Белый Камень – Belyi` Kamen атауларында* соңына таман берілген алдыңғы ерінді е жіңішке дауысты дыбыс кейінгі н дауыссыз дыбысты ұяңдатып тұр, ал *Лань – Lan, Вольное – Volnoe* типтегі атаулардағы *а, о жуан дауысты дыбыстар* өзінен кейінгі *н дыбысын* орыс тіліндегідей ұяңдатпай тұр. Яғни, кері кирилге ретранслитерациялағанда *Лан, Волное* болып жазылады және айтылады. Бұл дегеніңіз – орыс тіліндегі сөздің жазылуы мен айтылуы, түптеп келгенде, түпнұсқа жазылуынан арылып, мекенжайлық қызметі бұзылып тұр. Бұдан шығар қандай жол бар? *Еге Lan, сөзінің* соңына (') *апостроф* белгісін қойсақ, сөз соңын ұяңдатады ма? Сондай-ақ *Полынь – Polyn, Скользя – Skolzkaï`a типтегі* атаулардың сөз ортасындағы *мягкий знак ь таңбасын* қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер қазақ тілінде латын графикасымен таңбалағанда ұяңдығынан арылады екен. Апостроф жеке мағына ажыратқыш таңба ретінде ұяңдықты бере ала ма орыс сөзінде? Осы мәселеге жауап іздеу қажет! Мысалы, *белорус тілінде мягкий знак белгісі қатысты әріптің төбесіне диакритикалық таңба (')* қою арқылы беріледі екен, мысалы, *дзь - dź, зь - ź, ль - ł, нь - ń, сь - ś, ць - ć: Агародня-Кузьмініцкая–Aharodnia-Kuźminickaja.*

Бір нұсқа ретінде Қазақстанның орыс тіліндегі жер-су атауларындағы *ь (мягкий знак)* белгісі осындай диакритикалық таңбамен берілсе қолайлы

болар еді.

Ё қарпімен жазылатын Артём типтес орыс антропонимдері 2015 жылғы стандарт бойынша **Artem** формасында транслитерацияланса, ішінара енгізілген өзгерістерден кейін **Artiom формасында** жазыла бастады.

Қазақстан жер-су атаулары жүйесіндегі көптеген күрделі атауларды апостроф негізді латын графикасымен транслитерациялау барысында бір атаудың бойында апострофтың шамадан тыс көп болуы физика-географиялық және т.б. оқулық карталарында, оқулықтарда жазылуы орфографиялық қателер мен бұрмалауларға жол береді. Қазақстанның көптеген жер-су атаулары, елді мекен атаулары әлемдік ауқымды ақпараттық-коммуникативтік айналымға түсетіндігі белгілі. Сондықтан бір онимдік атауда апострофтың шамадан көп таңбалануы халықаралық айналымда адекватты түрде қабылданып, транслитерациялық жүйеге бейімделу үдерісі қиындай түседі, сөздер қате таңбаланып, топонимнің мекен-жайлық функциясының бұзылуына әкеп соғады. Осыған байланысты апостроф жазудың оқу процесі мен халықаралық қолданысқа тиімсіз екендігі байқалады.

Алдағы жылдары әзірленетін **ономастикалық емле-ережелерге** енетін, ескерілетін мынадай ұстанымдарды анықтадық:

– *бір атауды бір нұсқада транслитерациялауды қамтамасыз ету;*

– *атаулардың транслитерациясының үнемі бірізді болуын қамтамасыз ету керек;*

– тұрақты түрде бар транслитерация үлгілерін ескеру керек;

– транслитерацияның қарапайымдылығы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету;

– транслитерациялауда үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету;

– орфографияның дифференциалды принципіне сәйкес мүмкіндігінше бір дыбысқа бір таңба принципін барынша ұстану, арттыру;

– Қазақстандағы, одан тыс жерлердегі орыстілді топонимдер, орыс тіліндегі аты-жөндер (фамилия, аты, отчествосы) жаңа қазақ әліпбиінде транслитерациялануы тиіс. Өйткені қазақ мектептеріндегі оқулықтар, мерзімді баспасөз БАҚ көздерінде, көптеген ресми құжаттарда жиі қолданылады;

– қазақ тіліне дәстүрлі болып келген кейбір экзонимдердің (шетел мемлекеттерінің атауын) сәйкестендіру және салыстырмалы транслитерациясын айқындауға қатысты ұсыныстар берілді, мәселен, Египет атауы халықаралық стандарт бойынша **Egypt**, астанасы **Каир**, қазақша **Қайыр**, халықаралық стандарт бойынша **Cairo**, мемлекет аты қазақ тілінде **Мысыр**, түрік, әзербайжан тілдерінде **Misr**, яғни, қазақ тілінде тарихи қалыптасқан өз атаулары бар мемлекет атаулары сақталады.

Қ. БӨЛЕЕВ,
педагогика ғылымдарының докторы,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің
профессоры, Б.Алтынсарин атындағы
Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Ұлттық Білім академиясының академигі.

А. С. ҚҰРМАНБЕКОВА,
педагогика ғылымдарының
кандидаты,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті.

Р.С. ЕЛУБАЕВА,
педагогика ғылымдарының
кандидаты,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ

Аңдатпа: Мақалада қазақтың халықтық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі бойынша қазақ ғалым-педагогтарының қорғаған диссертациялары мен жеке еңбектеріне ретроспективті талдау беріліп, адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен практикасының жасалынуы анықталған.

Түйінді сөздер: адамгершілік, адамгершілік

қасиеттер, адамгершілік тәрбиесі, қазақтың халықтық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі.

Резюме: В статье определено состояние исследованности нравственного воспитания в казахской народной педагогики на основе ретроспективного анализа диссертаций и отдельных работ казахских ученых-педагогов.

Ключевые слова: нравственность, нравственное свойство, нравственное воспитание, нравственное воспитание в казахской народной педагогике.

Summary: The article defined the extent of State patriotic education in the Kazakh National Pedagogics based on retrospective analysis of dissertations and selected works of Kazakh scientists-teachers.

Key words: morality, moral property, moral education, moral education in the Kazakh folk pedagogy.

Қазақ халық педагогикасындағы ұлттық тәрбиенің құрамдас бөлігі-адамгершілік тәрбиесі екендігі, ал ол қазақ халқы отбасында кішіпейілділік, ізеттілік, имандылық, инабаттылық сияқты адамгершілік қасиеттерді бала бойына сіңіру арқылы жүзеге асырылған. Бұл адамгершілік қасиеттер ғасырлар бойы адамдар арасындағы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлер негізінде пайда болып, іс-әрекеттер мен қарым-қатынастар арқылы баланың адамгершілік сезімдері мен адамгершілік санасын дамытып, қалыптастырылады.

Қазақтың халықтық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесін арнайы зерттеумен Р.К.Төлеубекова, Э.А.Орынбасарова, К.А.Оразбекова,

З.М.Айтжанова, А.А.Аманжолова, Ұ.О.Асанова,
С.Қ.Әбілдина, Ә.С.Әмірова, А.Е.Дайрабаева,
Р.С.Елубаева, А.С.Жұмабаева, Б.К.Игенбаева,
Б.А.Қайбулдаева, С.Қ.Қожаева, Ж.Ж.Қуатова,
А.Қ.Қасымова, С.Қожагелдиева, Г.А.Мұратбаева,
Д.Ә.Нұрғалиева, Ғ.Т.Нысанов, Ы.Оршыбеков,
Г.Б.Омарова, Ж.Б.Сәдірмекова, Р.Ә.Сқақова,
Т.С.Слаббекова, Б.Сүлейменова, Ұ.Л.Төленова,
А.Т.Утебаева, А.Ж.Өтешова, Р.Б.Үсембаева,
Ж.С.Хасанова, Р.Ж.Шалабаева, Т.Ж.Шилибаева,
Н.С.Шынтаева айналысып, диссертациялар қорғалды
[1]. Зерттеу жұмыстарын олар оқу-тәрбие үрдісіне
ендіріп, көптеген мақалалар, монографиялар,
оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын
шығарып, олар оқушыларға адамгершілік тәрбиесін
беруде қолданылуда [1].

Э.А.Орынбасарованың «Становление и развитие
теории нравственного воспитания школьников
Казахстана (60-е гг. XIX в.-90-е гг. XX в.)» атты
монографиясының *бірінші бөлімінде* XIX ғасырдың
60-жылдарында Қазақстанда адамгершілік
тәрбиесі теориясының қалыптасу бастаулары, қазақ
ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің
және А.Құнанбаевтың адамгершілік-этикалық
көзқарастары Қазақстан оқушыларының
адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық
негіздері екендігі;

екінші бөлімде 20-30-жылдары Қазақстан
оқушыларының адамгершілік тәрбиесі
теориясының қалыптасу ерекшеліктері, яғни
онда Ш.Құдайбердиевтың, С.Торайғыровтың

және М.Кашимовтың мұраларындағы жеке тұлғаға қойылатын адамгершілік-этникалық талаптары, Қазақстанның ағартушы-педагогтары Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың зерттеулеріндегі оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудің психологиялық-педагогикалық негіздері;

үшінші «XX ғасырдың 40-60 жылдары Қазақстан оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің теориясының дамуы» атты бөлімде Қазақстанның көрнекті қайраткерлері мен ғалымдары М.Әуезовтың, К.Сатпаевтың, М.Ғабдуллиннің және Б.Момышұлының оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудің міндеттері, мазмұны мен құралдары туралы ой-пікірлері;

төртінші «XX ғасырдың 60-90-жылдарындағы педагогикалық әдебиеттегі оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру теориясының даму тенденциясы» бөлімінде қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріндегі адамгершілік тәрбие теориясының көкейкесті мәселелері, көрсетілген кезеңдегі педагогикалық әдебиеттегі оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудің теориялық негіздерінің концептуалды жағдайлары қарастырылған [2].

Р. Төлеубекованың **«Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» атты оқу-әдістемелік құралында** халық педагогикасы мұраларының бірі-дәстүр ұғымына түсінік беріп, оның бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталып, ата-баба дәстүрлерінің озығын жаңғырту, оны ұрпақ тәрбиесінде басты рөлге айналдыру, қазақтың ата салтын, қағидасын қазіргі өмір тынысына сай пайдалану, жаңғырту басты

мәселе екенін айта келіп, жеке басты жетілдірудің барлық саласын қамтитын этнокомплекстік тәрбие негізінде адамгершілік тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне тоқталады. Әсіресе бүгінгі таңда ұлттық педагогика тұрғысынан жалпы тәрбиенің, оның ішінде адамгершілік тәрбиесі ұғымдарының ғылыми негізін ашып көрсету әлі де болса шешімін таппағанын анықтап, автор адамгершілік сезім, адамгершілік сана, адамгершілік сенім, адамгершілік мінез-құлық ұғымдарына қазіргі педагогика және психология ғылымдарының жетістіктеріне сүйеніп, өз анықтамаларын берген. Автордың пікірінше, адамгершілік тәрбиесінің жүйесі тұтастай алғанда жоғарыдағы аталған қасиеттермен анықталады екен, ал осы жүйе халықтық педагогиканың бай мұрасынан да айқын көрінетіні және оны қазіргі кезде іске асырудың міндеттері, бағыттары және жолдары көрсетілген.

Төртінші тарау «Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін бала тәрбиесінде пайдаланудың жолдары мен тәжірибесі» деп аталып, автордың зерттеу жұмысында халықтық педагогика мұрасын пайдалану бағдарламасына негізделген. Автор халықтық педагогика дәстүрлерін пайдалану іс-тәжірибелері туралы және халықтық педагогика дәстүрлерін пайдалану іс-тәжірибелері туралы және халықтық педагогика бойынша шыққан ғылыми әдебиеттері мен Білім беру министрлігінің ұлттық тәлім-тәрбие беру туралы бірнеше тұжырымдамалары мен бағдарламаларына сүйеніп, өзінің экспериментальды «Адамгершілік

тағылымы» деп аталатын бағдарламасын жасаған. Мақсат-төменгі сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканы пайдалану.

Еңбекте «Адамгершілік тағылымы» бағдарламасының төмендегідей мазмұны жасалған: ақыл-ой, сана-бай қазына; еңбек еткен емеді; еңбексіз не өнеді; жері байдың, елі бай; алтын басты болсаң да, ардан артық емессің; кішіпейілділік кісінің көркі; мейірімділік-жүректен, мейірімсіздік-білектен; ауыр жүкті бөлісу-ағайынның парызы; үй-іші толған жансың; бір-біріңе меймансың. Осы тақырыптардың мәні мен мазмұны түсіндірілген. Бағдарламаны бастауыш сыныптардың оқу бағдарламалары мен оқулықтарына ендіріп, сабақтар үлгілері берілген және оқушылардың адамгершілік тәрбиелілігінің нәтижесі сапалы және санды түрде көрсетілген [3].

Р.С.Елубаеваның **«Қазақ тілін оқыту үрдісінде этнопедагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу» атты оқу-әдістемелік құралында** қазақ орта мектептерінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәні бағдарламасына сай этнопедагогика материалдарын қосымша сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда пайдалана отырып, оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудің әдістемесі жасалынған [4].

Р.К.Төлеубекованың «Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі» атты монографиясының **«Қоғам дамуының жаңа кезеңінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық-**

әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде адамгершілік тәрбиесінің тарихи-философиялық генезисі, жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудегі жаңа элеументтік-мәдени саланың мәні және оның маңызы, жаңа ғасыр жағдайында жоғары сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беруді болжау қарастырылған.

Екінші «Жаңа элеуметтік-мәдени салада жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің психологиялық, педагогикалық негіздері» атты бөлімінде жаңа элеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесіне сипаттама, қоғам мен ғылымның интеграциясы негізінде жоғары сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру мүмкіндіктері анықталып, жаңа элеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу тұжырымдамасы жасалған.

«Жаңа элеуметтік-мәдени жағдайда мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық ықпал жасау жүйесі» атты үшінші бөлімінде оқушыларға бүгінгі жаңа жағдайда адамгершілік тәрбие берудің педагогикалық шарттары, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың міндеттері және әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері сапалық және сандық көрсеткіштер арқылы анықталып берілген [5].

Б.Қ.Игенбаеваның құрастыруымен шыққан «Адамгершілік сабақтары» атты оқу құралында жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту

бағытындағы авторлық бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үлгілері берілген [6].

Құралдың бірінші тарауында бастауыш буынға арналған А.Қыраубаеваның «Әлем және Мен» бағдарламасы; Орта буынға арналған Г.Г.Саловьеваның «Адам және әлем» бағдарламасы; 8 сыныпқа арналған С.Қалиев пен С.Иманбаеваның «Әдеп» бағдарламасы; болашақ мамандар даярлайтын оқу орындарына арналған С.Ғ.Тәжібаеваның «Болашақ ұстаз» бағдарламасы мазмұндалған.

Екінші «Сабақтардың мазмұны мен ұйымдастыру үлгілері» атты тарауда С.Қалиев пен Ж. Молдабековтың «Адамдық қарым-қатынастың тәлімдік маңызы» және «Табиғат аясы – мақыл-ойдың, сана-сезімнің алтын бесігі», Ш.М.Майғаранованың «Адам болам десеңіз», Е.Жиенбаеваның «Өзіңді-өзің танысаң-істің басы», Г.С.Құрманбаеваның «Қазақ әдебиетін оқытуда оқушылардың табиғатқа ізгілік қатынастарын қалыптастыру», Ш.Есенқабылованың «Ізгілік», Е.Жиенбаева мен Б.Қ.Игенбаеваның «Ертегі-имандылық әліппесі» адамгершілік мазмұнды сабақтарының үлгілері берілген. «Жеке сабақтар мен тәрбие сағаттарының үлгілері» тарауында Б.С.Сарбасовтың «Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту (панарамалық сабағы)», М.Мәмбетованың «Қанағат – асыл қасиет», Г.Аяпованың «Аталар сөзі-тәрбие көзі», Л.Н.Крутованың «Жануарлар мен өсімдіктер арасындағы достық», Н.В.Русинованың «Ғажайып

сөздер әлемі», Н.С.Сейілбаеваның «Еңбекпен тапқан тиын», З.И.Мақұқтың «Экологиялық соқпақ» сабақтарының мазмұндары жасалынған.

С.С.Қожагелдиеваның «Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» атты монографиясында бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары, әдіс-тәсілдері және психологиялық мәселелері қарастырылған [7].

Бірінші тарау «Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталып, онда бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері, ана тілінің бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудегі орны мен мәні және ана тілінің адамгершілікке тәрбиелеу мүмкіндіктері анықталған.

Екінші «Бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі жолдары» атты тарауда бастауыш сынып оқушыларын ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеудегі мұғалімнің рөлі, мақал-мәтел-адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралы және ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің дәстүрі және жаңа әдістері автордың көп жылғы іс-тәжірибесі негізінде баяндалған.

Ж.Ж.Наурызбай, Г.Д.Баубекова, т.б. «Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве» атты монографиясының бірінші «Теориялық-әдіснамалық талдау» тарауында жеке тұлғаға рухани-

адамгершілік тәрбиесін беру жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу мәселесінің ресми-құқықтық базасы, Қазақстанда балалар мен жастардың рухани-адамгершілік мәдениетін тәрбиелеудің негізгі тарихи даму кезеңдері, балалар мен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша отандық және шетелдік тәжірибе, этномәдени кеңістікте оқушы тұлғасына рухани-адамгершілік тәрбиесін берудің нобайы, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі жайының мониторингісінің теориялық негіздері жасалынған.

Екінші «Отбасында балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері» атты тарауда бүгінгі жағдайдағы отбасылық тәрбие, Қазақстанда отбасында балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуы, отбасылық тәрбиенің рухани-адамгершілік құндылықтары, отбасы тәрбиесінің рухани-адамгершілік әуелеті, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбиесін беруде отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекеті, қазіргі жеке тұлғаның нобайы қарастырылған.

«Білім мазмұнының өзгеру жағдайларында тәрбие үрдісін ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тарауында мектепте инновациялық тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері мен тәжірибесі, сол үрдістің нобайы, жеке тұлғаға тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері-мәдениет-аралық қатынастардың және кешенді тәрбие берудің субъектілері екендігіне сипаттамалар берілген. Қосымшада «2015-2020 жылдарға арналған жеке

тұлғаға тәрбие берудің кешенді бағдарламасы-мәдениетаралық қатыныстардың субъектісі» атты жоба ұсынылған [8].

Э.И.Шыныбекова, т.б. «Нравственное воспитание» атты оқу құралында педагогикалық әдебиеттердегі оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудің теориялық негіздерінің мәндік сипаты, адамгершілік тәрбиесі мазмұнының ғылыми-теориялық негіздері, қазақтың халықтық бейнелеу-қолданбалы өнерінің құралдары арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері, жеке тұлғаны қалыптастырудағы театрдың адамгершілік-эстетикалық қызметі, М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы адамгершілік-этикалық тәрбие идеялары, Қазақстанның көрнекті мемлекеттік қайраткерлері мен ғалым-педагогтарының оқушыларға адамгершілік тәрбиесін беру туралы ой-пікірлері, Қ.Б.Бержанов оқу-ағартудағы орыс-қазақ ынтымақтастығы туралы, қиын жеткіншектердің адамгершілік тәрбиесіндегі әдебиет пен өнер құралдарын пайдаланудың теориясы мен тәжірибесіне ретроспективті талдау мәселелері қарастырылған [9].

Ш.Д. Дүйсенбекованың құрастыруымен шыққан «Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудегі педагогикалық жағдаяттар» атты көмекші оқу құралында қазақтың халықтық педагогикасы арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, педагогикалық шешім шығару және жағдаяттарға талдау жасау, оқушылардың ойлау деңгейінің дамуын

диагностикалау мәселелері сөз болған [10].

Сонымен, қазақтың халықтық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесінің жасалу жайын анықтай отырып, ондағы теориялық негіздер мен тәжірибелік іс-әрекеттерге сүйеніп, мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбиесін беру мәселесінің мазмұны жасалынғанын анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құсайынов А., Наби Ы., Таубаева Ш. Педагогика және психология салаларындағы диссертациялар (анықтамалық талдама шолу). – Алматы: ROND@A, 2010.-298 б.; Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Қазақ этнопедагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш (1922-2012 жж.). –Тараз, 2013. -73 б.

2. Урунбасарова Э.А. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60-е г.г. XIX в. -90-е г.г. XX в). –Алматы: РИК, 1999. -270 с.

3. Төлеубекова Р.К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. –Алматы: РБК, 1994. -142 б.

4. Елубаева Р.С. Қазақ тілін оқыту үрдісінде этнопедагогика арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. –Тараз, 1999. -76 б.

5. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. –Алматы: Комплекс, 2001. -240 б.

6. Адамгершілік сабақтары / Құрастырған Б.Қ.Игенбаева. –Алматы: Дәуір, 2001. -174 б.

7. Қожагелдиева С. Бастауыш сынып оқушыларын

ана тілі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Түркістан: Тұран, 2007. -173 б.

8. Наурызбай Ж.Ж., Баубекова Г.Д., и др. «Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве. –Астана: Фолиант, 2014. -252 с.

9. Шнибекова Э.И. и др. Нравственное воспитание личности: вопросы казахстанской педагогической теории, истории и практики. –Алматы: РИК, 1999. -158 с.

10. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудегі педагогикалық жағдаяттар/Құрастырған Ш.Д.Дүйсенбекова.– Семей: СМУ, 1999. -75 б.



М. ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының
кандидаты, Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің
доценті, профессор.
Тараз қаласы

ЖАУЫРБАЙ БАҚСЫ

Жауырбай бақсының атағы Әмударияның төменгі ағысы мен Сыр, Арал өңіріне белгілі болған. Қазалы, Ақмешіт, «Көк өзек», «Дәуқара», «Қамысты» төңірегінде Жауырбай бақсы жөнінде аңыз әңгімелер бар. Ақын-жыраулардың өлең-жырларында Жауырбай бірде мифтік бейнеге ұқсап кетсе, бірде тарихи тұлға ретінде бейнеленеді. Мұның өзіндік сыры бар. Жауырбай бақсы – шын мәнінде, өмірде болған, тарихи тұлға. Ол сырқат адамдарды екі түрлі әдіспен емдеген. Алғашқысында бақсылық әдіс-зікір салып «жынын» шақырып емдесе, сонан соңғысында қара қобызының сарынымен емдеген. Қобыз сарынымен емдеу – қазақ бақсыларында сирек кездесетін құбылыс екенін атап айтуымыз қажет. Мұндай әдіс осы кезге дейін қазақ халық ауыз әдебиетінде кездеспей келгеніне де назар аударуымыз тиіс. Қорқыт күйлерін есіттік. Қазақ күйлерінің ғажайып тылсым күшін біз білеміз. Ал есі ауысқан, «жын қаққан», «пері көтерген» адамдарды қобыз сарынымен емдеу әдісі Жауырбай бақсыда болған. Бұл – тарихи шындық.

– *Жауырбай бақсының немересі Сыдық бақсыдан есіткен қариялардың әңгімелерінде оның қобыз*

сарынымен сырқаттарды емдеу әдісі баяндалады,
– дейді зейнеткер, көпті көрген қария Балапан Аяпбергенұлы. Әлім тайпасынан шыққан белгілі бай Қондыбай ержетіп азамат болған баласы Елікбайды есі ауысып ауырып қалғанда, осы Жауырбайға емдетеді. Жауырбай бақсы Елікбайды қобыз сарынымен емдейді.

Қондыбай бай бүкіл ауылымен, ағайын-туғандарымен Жауырбай бақсыны ақ киіз төсеп күтіп алады. Қара қобызымен күніренте күй тартқанда, иығына әруақ қонып, күй тартып отырып, тұртүсі құбылып отырады. Біресе түксиеді, біресе жадырайды, біресе күлімдейді, біресе қап-қара боп түтігіп кетеді. Күйді тыңдаушылар ғажайып сезімге бөленіп, ұйып тыңдап отырып қалады. Дәл осы кезде көк жүзінде ұшып бара жатқан қаздар Жауырбай қобызынан таралып жатқан ғажайып күйді есітіп, қайта-қайта айнала ұшып, көпке дейін кете алмай жүрген деседі.

Ақ отауда бір өзі жатқан Елікбай қобыз сарынын есітіп, ақ отаудан шыға сап, Жауырбайдың алдына жүгіріп кеп, тізерлеп отыра қалған. Күй аяқталғанда, орнынан тұрып, киіз үйге сүйеулі тұрған найзаны алып, малдың сүйегін кеміріп жатқан қара төбетті шаншыпты дейді. Елікбай сол күні ауруынан құлантаза айығып кетіпті. Жауырбай бақсы Елікбайдың бойындағы сырқатты қара төбетке осылай өткізген деседі...

* * *

Жауырбай басына әруақ қонып, қобыз тартып, зікір салып, емшілік өнерді бастаған соң, ауылдас

ағайындарына ұнамай қалатын көрінеді. Зікір салып, сырқаттарды емдей бастаған соң, оны қазақ елінің түкпір-түкпірінен іздеп келушілер көбейеді. Тіпті Маңғыстау, Хорезм ойпатынан да келушілер болған. Ағайындарға жек көрінішті көрінген Жауырбай әйелі Ақтүңлікпен ақылдасып, ел-жұртты тастап, ағайын-туғаннан айырылып, бір түнде үдере көтеріледі. Жүздеген жылқылары мен түйелерін, жүздеген қой-ешкілерін алдына салып, нар түйелерге жүк артып Сырдың бойынан Арал теңізінің оңтүстік-шығысына бет түзейді. Жауырбайдың көші таң ата «Көк өзек» деген өзенге келіп жетеді. (*«Дәуқара» жеріндегі, «Қаратерең» көлінің батысындағы «Көк өзек» өзені емес. М.Ә.*) Көш суы бұрқып ағып тұрған өзеннен өтуі керек болады. Осы кезде Жауырбай ақ түйесінен түсіп, қара қобызын қолына алып, өзен жағасына кеп малдасын құрып отыра қап аңыратып күй тарта бастайды. Сиқырлы күй тартылып жатқанда, өзен екіге айырылып, ортадан жол пайда болады. Буырқанған өзен суынан үркіп тұрған малдар су тартылып, жол пайда болған соң өзеннен өтеді. Жауырбай ақ түйесін шөктіріп, үстіне отырған кезде екіге бөлінген су қайта қосылып, жол жабылып қалады. Осы кезде Жауырбай көшінің ізінен келе жатқан бір топ салт аттылар өзенге жетіп келеді де:

– *Жауырбай, елге қайт... Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа. Ауыл ақсақалдары мен билері қайтсын деп жатыр...* – деп айқайлайды. Бұлар Жауырбайдың ағайындары екен. Түнде көтерілгенде, ауылдың ақсақалдары мен билері Жауырбайдың көшіп кеткенін сезіп, ізінен *«алып қайтыңдар, өкпені*

қойсын» деп бір топ атты жігіттерді жібереді екен. Олар өзенге келіп, Жауырбаймен тілдесуге үлгере алмай қалады.

Жауырбай ағайындарының айқайлағанына карамай, сол жүрісімен мол жүріп, "Бөріше таудың" шығыс тұмсығына келіп қоныс басады. Бұл жер «Дәуқара» болыстығына қарайды екен.

Атақты жиһанкез, ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов бақсылар жөнінде, әруақ жөнінде былай деп жазады: *«...Әруақ – ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау күн түскенде, жан қиналғанда: Әруақ, қолдай гөр, қолтығымнан жебей гөр...»* деп айтады.

Жын – ол да керемет күші бар әзәзіл. Жын бақсыларға бағынышты, оларды бақсы көмекке шақырады. Жындар да кәрі-жас, еркек-әйел болып келеді. Бақсылардың сендіруінше, жындар адам бейнесінде болады...

Қазақтардағы алдын ала болжаушы, сәуегейді бақсы дейді. Бақсылар алдын-ала болжап, айтатын болжамын өздерінің рухы атынан айтады.

Бақсылар алдын ала хабар беріп тұратын – болжайтын рухтарын, кейіннен келген мұсылман дініне ыңғайластырып, періште деп те атайды... Ал бақсылар болса, сол жындардың сүйіктісі, сондықтан да, бақсы өзінің жындарына жамандықты жасатпай, нұсқаулар беріп тұрады... Шақыратын жындарына қарай бақсылар да үлкен, орташа, ұсақ болып жіктеледі, сондықтан олардың жасайтын кереметтіктері де әрқилы. ...Әрбір жынның аты болған. Ойын яғни зікір салғанда, үстінде бақсы уақыт өткен сайын алабұртып, әбден шегіне жеткенде әл-

дәрмені бітіп құлайды. Біраз уақыттан соң орнынан тұрып, жындарының не айтқанын баяндап береді... Бақсылардың бұл ісі, әрекеттері – нағыз өнер. Кейбір бақсылардың ойын үстінде маңдайында, бетінде темір инелер пайда болып, ал тырнақтары пышаққа айналады. Бақсының жын-рухтарының аттары болады...

XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың басында өмір сүрген атақты жырау әрі ақын Өтім Балтуғанұлы алыстан ат сабылтып келіп, Жақайым – Байғара Сыдық бақсының отырған жері – «Қос шоқы ға» келгенде, былай деп толғау-жыр айтқан екен:

*...Руы – Әлім, Жақайым,
Жауырбай бақсы жөнінде,
Қызық бір аңыз айтайын...
Елім мен халқым күтеді,
Айтайын да қайтайын.
Жауырбай бақсы, қобызшы,
Қобызын тартса күңіреніп,
Тына қалған ел іші.
Қобыздың тылсым сарыны,
Жазады екен сырқатты.
Есі ауысқан адамдар,
Жазылады сол сәтте...*

– Менің әкем Өтепберген Жауырбай бақсыны «78 жаста дүниеден қайтты» деп отыратын деп әңгіме өрбітеді көпті көрген қария Кәрібай Өтепбергенұлы. – Жауырбай бақсы 24 жаста балалы болып, оның атын Тәуірбай қояды екен. Ержете келе бойында бақсылық өнер пайда болып, оны «Жарықбас бақсы», «Жалаңаяқ ишан» атап кеткен. Тәуірбай

(Жарықбас) 80 жаста дүниеден өткен. Сонда Жауырбай бақсы 1795-жылы туылып, 1873-жылы қайтыс болады. Ал Тәуірбай (Жарықбас) 1819-жылы туылып, 1899-жылы дүниеден өткен...

Жауырбайдың әкесі Қалыбайдан екі ұл өрбиді – Жауырбай, Жақыбай.

Жауырбай Қалыбайұлы жайлы ел аузында аңыз әңгімелер көп деп жоғарыда айттық. Ел арасындағы ақын-жыраулар да өлең-жырлар, терме-толғаулар шығарған. Осы «Дәуқара» да аты шыққан Бекенқұл жырау Ақымбетұлы (1844-1923) Жауырбай бақсыны жырға қосқан.

Өтім мен Ұлжанның, Мыңбай мен Омар жыраулардың да Жауырбай, Жарықбас, Сыдық бақсылар жөнінде шығарған өлең-жырлары, терме-толғаулары аз емес.

Қорыта айтарымыз, тарихымызда бақсылық өнерімен аты қалған Жауырбай бақсы Қалыбайұлы жөнінде өскелең ұрпаққа айтарымыз әлі де көп. Оны келер ұрпақтың үлесіне қалдырдық...



С.ОСПАНҰЛЫ,
К. МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Ө. Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық
университетінің профессорлары.

ҰЛАНДАР ҰРАНЫ

Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін өзінің «Қазақ хрестоматиясына» кіріспе ретінде 1876 жылдың 2 желтоқсанында Торғай дуанында жазған. Оған дәлел – сол жылдың 3 желтоқсанында Н. И. Ильминскийге жазған хатында «...Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым. Оны мынадай өлеңмен бастадым», – деп «Сөз басы» («Кел, балалар, оқылық») өлеңін түгел келтіреді.

Содан бері арада қанша жыл өтті, өлеңнің мән-мазмұны өзгермей, әлі күнге оқылып, өз қызметін атқарып келеді. Қасиетті құран сөзіне суарылған бұл өлеңді қазір білмейтін қазақ кемде-кем шығар?! Бірнеше тілдерге аударылды, шетелдерге де таныс.

Өлең:

*Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық! –*

деп, әрі қарай жалғасады.

Осы екі тармақтан-ақ автордың Алланың ақ жолында болған адам екені аңғарылады. Өйткені

кез келген дін жолындағы кісі әңгімесін айтуға *«Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим-қайыр-рақымы мол Алланың атымен бастаймын!»*–деген сияқты сөздермен кіріседі.

Ыбырай өлеңіндегі:

Істің болар қайыры

Бастасаңыз Алдалап, –

деген жолдар Хадистегі *«Бисмиллаһпен бастамаған әрбір істің соңы келте»*, [1,42 б.] – деген сөздермен үндеседі. Өлең одан әрі:

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап, –

деп жалғасады.

Оқу бар да сол оқығанын жадында ұстап, көңілге тоқу бар. *Автор оқымаған баланың түк білмей қараңғыны қармалап қалатынын, ал оқып, оқығанын көңіліне қондырған баланың көкірек көзі ашылып, алдынан алға жетелер жарық шырақ жағылатынын, не тілегеннің іздемей-ақ табылатынын да бір-бірімен шендестіре жырлап, әдемі жеткізеді.*

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі *«Ғылым ба, мал ма?»* деген әңгімеде күнделікті тұрмыста кездесетін басқа нәрселерге қарағанда, ғылымның он түрлі артықшылығы айтылады:

«– Ғылым – әулие-әнбиелердің мирасы, ал мал-перғауын мен Қарынбай мирасы;

– ғылым сені сақтайды, ал малды сен сақтайсың; ғылымның досы көп, ал малдың дұшпаны көп; ғылымды жұмсасаң, арта береді, ал мал қатты, сараң деген атқа қалдырады; ғылым өзін-өзі

*сақтайды, асырайды, ал малды бағу, күту керек;
– ғылым қиямет күні иесін шапағат қылғызады, ал мал өз иесін қисапсыз жауап бергізеді;*

– ғылым тозбайды, жоғалмайды, ал мал – қолдың кірі: өледі, жоғалады; ғылым көңілді нұрландырады, ақыл-ой қосады, ал мал масаттандырады, болған үстіне бола түссе екен деп дүниеқоңыз етеді;

– ғылым құдайға заһат, таутиық, гибадат қылады, ал мал иесінің көңіліне тәкәппарлық салады».

Ы.Алтынсарин осы әңгіменің ой-желісін тиімді пайдалана отырып, «Мал дәулеттің байлығы бір жұтасаң жоқ болатынын», оқымысты адамның байлығы күннен-күнге өсе түсіп, жұтамайтынын, киімнің де, өнер-білімнің де оқумен, еңбекпен табылатынын оқушы санасына құйып, оны одан әрі дамытып, үстей түседі. Надан адамның ақылға жарымайтыны, аяңшыл аттың арымайтыны, білімнің қарымайтыны да, жөн білмеген жанның маңдайына Қыдыр ата бақ-дәулеті қона бермейтіні де шындық.

Әр сегіз, бес, жеті жолдан кейін «Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге – Ықыласпен тоқылық!» деген үш жол ән қайырмасы сияқты қайталанып, өлеңнің динамикалық қуатын арттыра түседі.

«Ұстаз осы сөздерді төкпелеп келіп айтып тастағаннан кейін, балаларға түсініксіздеу болып кетті ме деп қауіптенгендей, оларды өздеріне таныс күнделікті өмірден алып:

*Сиса көйлек үстіңде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған...
Өнер, білім – бәрі де*

Оқуменен табылған, –

деп, бала санасына таныс салыстырмалы ойларды жүгіртеді»[2.- 3 б.].

Жоғарыда мысалға келтірілген Ыбырай өлеңінің мән-мазмұны *«Раббым! Білімді арттыр!» – де!» [Таһа сүресі, 114 аят], «Білгендер мен білмегендер тең бола ма?» – де!» [Зүмәр сүресі, 9 аят], –* деген жолдармен үндестік тауып, оқушы жүрегін баурайды.

Ұлы ұстаз оқыған баланың ата-анасына көмегі ерекше болатынын айтуды да ұмытпайды:

*Әлпештеген ата-ене
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата-енең қартайса,
Тіреу болар бұл оқу,
Қартайғанда мал тайса-
Сүйеу болар бұл оқу! – дейді.*

«Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі – оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында» – дейді ыбырайтанушы ғалым Әнуар Дербісәлин [3,111 б.]

*Оқи білген таниды
Бір жаратқан құдайды,
Танымаған құдайды
Енғылғанда ұнайды...
Шырағым адам болғай деп,
Ата-енең жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды?! – деген жолдар*

қарапайым халықтың:

Е, құдайым бала бер,

Бала берсең сана бер.

Егер сана бермесең,

Шетінен қайта ала бер, – деген сияқты ой-пайымы мен тілегін еске түсіреді.

1956 жылы Лондонда жарық көрген Г. Лайастың «Аспанға асқан үркін көш» кітабында Оспан батыр жөнінде әңгіме қозғалғанда:

«Оспан мен оның құрдастарының ең алғашқы орындаған әндерінің бірі мынандай сөздері бар «Шәкірттер әні» болатын:

«Бір Аллаға сыйынып, сәлем бердік, ұстазым! Іліміңізден бірде-бір теріс сөз таба алмадық, бірде-бір теріс сөз шәкірттеріңіздің ауыздарынан шықпайды» [4,42 б.].

Бұл ән мәтінінде «Бір Аллаға сыйынып, сендерге ілім әкелдім» деген жол да бар екен.

Ыбырайдың шабытты жазылған, жүрек түкпірінен шыққан өнеге, өсиетке, тебіреніске толы «Кел, балалар, оқылығы» балаларды оқу-білімге шақырған басқа да қаншама өлеңдердің тууына себепкер болды?!

Ахмет Байтұрсынұлының

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапшаңырақ! – деп

басталатын «Оқуға шақыру» өлеңінің «Аллалап», ал кітапты қолдарыңа! Құлдарын құдай сүймес жалқау болған» деген түйінінен де оны жазуына Ыбырай өлеңі әсер еткенін, еліктегенін аңғару қиын емес.

Қазан төңкерісіне дейін «Әдеп», «Үгім», «Насихат

қазақия», «Алтын кітабы», «Сұлу қыз» атты өлең және публицистикалық жинақтары, 1914 жылы «Мұңлы Мариям» атты романы жарық көрген, Алланың ақ жолында болғаны үшін кешегі Кеңес дәуірінде шығармалары жарыққа шықпай, тасада қалған Мұхаметсәлім Кәшімов те Ыбырайға еліктеп «Кел, балалар, оқылық!» деген өлең жазып, онда былай дейді:

*Оқып қал, әй, балалар, жас шағыңда,
Оқуға уақыт, кеңдік бар шағыңда.
Ендігі заманаға оқу керек,
Оқусыз өнер сатқан адам бар ма?*

*Пайғамбар хақ Алланы бір біліңіз,
Орысша, мұсылманша тіл біліңіз.
Қазіргі күнімізге қарағанда,
Қазақты еш жарықсыз түн біліңіз.*

Бұл өлең кезінде Ыбырай Алтынсариннің сөз болып отырған «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен бірге «Әліппе» кітаптарының алғашқы беттерінде жүріпті.

Осы сияқты Қашафуддин Шахмарданұлы да (ұлты башқұрт) Ыбырайдың ізімен «Кел, балалар, оқылық» деген кітап жазып, ол 1898 жылы Қазандағы М.А.Черков баспаханасынан жарық көрді. Шығарушысы Кәрімовтер.

Ы. Алтынсарин жайында жазған «Дала қоңырауы» атты поэмасында Ғафу Қайырбеков «Кел, балалар, оқылық», өлеңіне ерекше тоқталып, мектеп қабырғасынан қалықтап ұшып шыққан осынау өлең жолдары талай жанның жанын баурап, құлағын

елеңдеткенін айта келіп:

*Көкейге небір сәби алды құйып,
Үніне қырда малышы қалды ұйып.
Тағы да қосылды оған қоңырау даусы,
Көтеріп көкке әкетіп әнді биік.*

*Жас айтты бұл өлеңді, тыңдап кәрі,
Өмірдің сыры қиын жұмбақтары
Білімде бұл өлеңнің айтуынша,
Оқысаң, көкейіңде тұрмақ бәрі...*

*Әнші жұрт, өлеңші ел, ақын халық,
Кетті оны ә дегенше қағып алып.
Жаңғырып ел көгінде тұрып қалды,
Жұлдыздай жеті түнде бал-бұл жанып.*

*Ал өлең кете берді биікке асып,
Дариядай ел көңіліне құйып тасып,
Талай жас жыр жазылған ақ қағазды
Құмартты кеудесіне сүйіп, басып, –*
дейді[5,228 б.].

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» жайында Ахмет Байтұрсынұлы: **«Бұл уақытқа шейін қазақ балалары үшін жазылған кітапта Ыбырай кітабынан артық кітап дүниеге келген жоқ. Қазақ мектебінен кітап жазатын адам Ыбырай кітабын жақсы білуі тиіс. Ыбырай кітабына қарап жазуы керек»** [6,366 б.], – депті. Сол сияқты Ыбырайдың жоғарыда Ахаң айтқан «Қазақ хрестоматиясына» енген «Кел, балалар, оқылығы» да – күні бүгінге дейін жас жеткіншектерге білім мен

өнердің не екенін, қандай пайдасы барлығын түсіндіріп, жетесіне құйып келе жатқан үгіт-насихатқа толы теңдесі жоқ өлең.

М.Әуезов: *«Ол өлең, ойлап қарасақ, Ыбырай өзінен кейінгі қазақ халқының жасөспірім, жас ұланға салып кеткен азаны, ұраны, – дейді. – Бойы өспеген, бұғанасы қатпаған кітап боқшасын қолтықтап, мектеп табалдырығын аттағаннан қазақтың жас ұланға бисмилда орнына оқуды Ыбырайдың ұранынан бастап, жаттап алып, мектептен кеткенде де, ол өлең еш уақыт естен шықпаса керек»* [6,359 б.].

Барлық мектептерде оқу жылы осы өлеңмен басталуы керек! Өйткені бұл өлең – М.Әуезов айтқандай, ұран, оқу жылының бисмилласы!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхаммед пайғамбардың хадистері. Шымкент, АЗИАТ. 2005.
2. Ысмұғалов Ж.Ыбырай Алтынсарин. // Жаңа Сарыарқа, 2006.-№ 2.
3. Дербісәлин Ә.Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы – Алматы: «Қазақстан», 1955.
4. Лайас Г.Аспантау асқан үркін көш / Лайас Г.-Алматы: Атал/ Вooks, 2018.
5. Қайырбеков Ғ.Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2-том.
6. Әуезов М. Ыбырай Алтынсарин (1841-1899 жыл, 48 жас) / Алаш көсемсөзі, 10 томдық, 2-кітап, Шолпан.-Алматы, 2010 .

С.А. МЕНДІБАЕВА.
Қ. Е. ҚАСЫМОВА.
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімдері.
Нұр-Сұлтан қаласы

ОҚЫРМАНДЫҚ КӨЗҚАРАСТАН СЫНИ КӨЗҚАРАСҚА ДЕЙІН: ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА СЫНИ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Жаңартылған бағдарламаның мақсаты – оқушының оқырмандық көзқарасын дамыта отырып, сыни ойлау көзқарасын қалыптастыру. Оқиганы, пікірді интерпретациялау арқылы оқушы шығарманы қалай қабылдағаны, не сезгені, кейіпкерге деген сезімі, автордың көтерген мәселелеріне пікір білдіру сияқты іс-әрекеттер оқырмандық көзқарасының орнығып, дамуына жол ашса, оқиганы жалғастырып жазу, шығарманың жаңашылдығына, заманаулығына баға беру, ақын-жазушылардың өзіндік ерекшелігін байқау, салыстыру сияқты әрекеттер арқылы сыни ойлауға жетелейді.

Сыни ойлауды түрлі формада жүзеге асыруға болады. Жаңартылған бағдарламадағы сыни ойлауды жүзеге асыратын мақсаттар: **шығармашылық жұмыс, әдеби сын бөлімдері.**

Бағалау және салыстырмалы анализ

	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
Б / С 4 . Ә де б и сын	6 . Б / С 1 . Оқырманның р у х а н и дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	7 . Б / С 4 . Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы с ы н и хабарлама жасау.	8.Б/С4. Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы т у р а л ы шағын сыни шолу жазу.	9 . Б / С 4 . Шығарма т у р а л ы әдеби сын- пікірлерді т а л д а й о т ы р ы п, сыни пікір жазу.	10 . Б / С 4 . Ә д е б и шығарманың қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі орны туралы сын мақала жазу.

Дандай Ысқақұлы әдеби сынның ғылыми сипатына да ерекше ден қояды. Автор сынның сипаттарын айқындай келе, әдеби сынның негізгі субъектісі, мазмұны, методология мен әдістері, құралдары, өмір сүру арнасы, жанрлары, зерттеу объектісі, бағыты, қызметі, принциптері деп құрылымын да жүйелейді. Әдеби сынның табиғатын жан-жақты талдай келе, автор *«Әдеби сын дегеніміз — әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың тоғысқан түйінінен пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оған баға беріп, оқырманның рухани әлемі аясында қызмет атқаратын әлеуметтік сананың сан қырлы саласы»*, — деп, толыққанды тұжырым жасайды [1; 14].

Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беріп, бейнеленген өмір шындығының көркемдік шындыққа қалайша айналғандығын саралайды, оның мән-маңызын түсіндіреді, әдеби өмірдің бүгінгі ерекшелігін айқындап, бағыт сілтейді. Көркем шығарманы талдап, қазіргі кезең талаптары тұрғысынан баға береді, сол шығарманың тууына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар туралы айтылады, яғни шығармада айтылған ойлардың әлеуметтік астарына мән беру керек. **Әдебиетшілер мен сыншылар үшін түсінікті ұғымды оқушы, орта буын оқушысына қалай жеткізуге болады?**

Сабақтың алғашқы кезеңінде балаға түсінікті, қабылдауына жеңіл тілмен **әдеби сын терминін түсіндіру арқылы сабақ үстінде жүзеге асатын мақсат бойынша сыни хабарламадан да мағлұмат беріледі:**

- **Сын дегеніміз** – белгілі әдеби шығарманың жетістіктері мен кемшіліктері хақындағы пікірлер. **Сынның басты мақсаты** – көркем шығарманы талдау, бағалау.

- **Ал сыни хабарлама дегеніміз** – шағын зерттеу, шығарма жетістіктері мен кемшіліктері туралы хабарлау, баяндау.

Мысалы 6-сыныпта **Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі** бойынша **6.Б/С1. Оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу мақсатын жүзеге былай асыруға болады:**

1-тапсырма

Әңгіме туралы бірнеше сыни хабарламаны оқы.

Нені хабарлап тұрғанын анықта.

1-мәтін	2-мәтін	3- мәтін
Шығарма Ораштың көзімен, қимас сезімімен, өкінішімен берілген Тортай тағдыры жайлы. Екі баланың әңгімесінен олардың зеректігін, сезімталдығын, ақылдылығын көрмеу мүмкін емес.	«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіне негіз болған ауылдың күйбең тіршілігі әңгіме басында азды-көпті айтылып кетеді. Шілде айындағы саф ауа, керемет табиғат көрінісі мен күндіз-түні тыным таппайтын ауыл өмірі әдемі суреттелген. Бұл – автордың	Оралхан Бөкейдің туған жерді сипаттауында өзгешелік бар, себебі оның шығармасында ауылы, туған жері, туған елі ерекше суреттеліп, онымен қоса, өзінің тілдік тұлғасы көрініп отырады. Оның шығармасындағы

<p>Үміт арту, мақсат қою, армандай білу осы балалардың әңгімесінен анық көрінеді. Бір- бірінің қамын ойлап, бір-бірін толықтырып отыратынын оқыған кезде, шын жанашырлықтың не екенін түсінуге болады. Ал Ораштың Тортайға қатты жаны ашыған сәті мынау еді..</p>	<p>шеберлігі. Қазақ ауылының қайнап жатқан тіршілігі, ара- арасында шырқалған ән, маздап жанған ошақ, жиналмайтын алтыбақан – тірлік пен думанның астасқан ортасы. Моңғолияның бер жағындағы Салықсалғанның иығында орналасқан ауыл. Осы ауылда Тортай мен Ораштың балалық шағы өтті. «Біздің ауыл Салықсалғанның иығында орналасқан...» Осылай басталатын әңгіме сөзімізге дәлел.</p>	<p>табиғатты, пейзажды, соның ішінде, заңғар тау- тас тасы бейнелегенін оқып, автордың өр тұлғасын, алыптығын көруге болады. Салықсалғанның отырған ауылдың көрінісінен бастау алатын әңгіме табиғаттың сиқырымен оқырманды бірден баурап алады. «...</p>
---	--	---

1-мәтін	2-мәтін	3- мәтін
<p>«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі балалар өмірі.</p>	<p>«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі қарапайым ауыл тіршілігі.</p>	<p>«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі табиғат көрінісі.</p>

2- тапсырма

Мәтін құрылысына қарай отырып сыни хабарлама белгілерін жаз:

Ықтимал жауап:

* Сыни хабарламаны жазушы басқа оқырмандарға өзі байқаған мәселені көрсетеді.

- * *Сол мәселе туралы өзіндік пікірін жазады*
- * *Көркем шығармадан мысал келтіру арқылы дәлелдейді*

3- тапсырма

Төмендегі тақырыптардың біріне сыни хабарлама жаз:

* *«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі балалар арманы.*

* *«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі орындалмаған арман.*

* *«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі ертегінің рөлі.*

* *«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіне ақ боз аттың қатысы.*

Бұл тапсырмалар арқылы не ұтамыз?

– Әңгіме туралы сыншы ғалымдар немесе оқырман пікірін оқи отырып, **сыни хабарламаның формасы, мақсаты, бағыты туралы оқушыда түсінік қалыптасады.**

– Оқығанына анализ жасай отырып, **сыни хабарламаның белгілерін жазады.** Яғни, блум таксаномиясының жинақтау, қолдану баспалдағынан өтіп, мұғалім ұсынған тақырыптар бойынша сыни хабарлама жазу, баға беру – оқушының сыни ойлауын шыңдай түседі.

ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беруде жаңа технологияларды қолдану мен білімалушылардың тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Білім беру талаптары мазмұнының өзгергені және оны орындаудағы педагог қауымының міндеттері де талданады. Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру маңыздылығы турасында ғалымдар пікірлері мен тұжырымдарына талдау жасалды. Жаңа технологияларға деген заманауи көзқарас негізінде сараптама жүргізілді. Жалпы педагогтардың өз білімін жетілдіруі мен кәсіби маман болудағы өз тәжірибелеріне ендіруге болатын, тиімділігі бар функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістеріне шолу жасалды.

Түйін сөздер: функционалды сауаттылық, оқу-үйрену, технология, әрекеттік педагогика, ақпарат.

Summary:The article deals with the use of modern educational technologies and the formation of students'

personal competence. Changes in the content of educational requirements and the role of the pedagogical community in its execution are also analyzed. Analysis of the opinions and conclusions of scientists about the importance of the formation of functional literacy in the Kazakh language class. The analysis was made on the basis of a modern approach to new technologies. A review was made of how teachers can develop functional literacy, which can be integrated into their own experience in improving their knowledge and skills.

Keywords: functional literacy, learning, technology, action pedagogy, information.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Жалпы, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық»

және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түскен. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1). Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2). Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3). Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі[1]. Бұл деңгейде оқушыда мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, **функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.** «Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012- 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзіреттіліктеріне байланысты ғалымдар, В.В. Давыдов, А.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.А. Болотов, О.Е.Лебедев, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, С.Г.

Молчанов, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, А.В. Хуторской, М.Ж.Жадрина, С.Д.Мұқанова, И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий, Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, Т.Ахметов, Ғ.Бегалиев, А.Айдаров, Ж.Д.Адамбаева, Б.Б.Құлмағамбетова, К.Ы.Сариева, М.М.Артықова, жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалды [2].

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, *біріншіден*, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, *екіншіден*, мемлекеттің экономикалық дамуына, *үшіншіден*, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де, адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені *«функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-*

әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі [3]» – деп көрсетіледі.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады деп түйеміз.

Функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан [1].

Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жан-жақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс- әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизмдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық

сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді. Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыда әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Себебі Кеңестік кезеңнің алғашқы 10 жылдығында азаттың оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік әрекетті игеріп кетудің негізгі көрсеткіші болды.

Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді [3].

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие. Жалпы сипаттағы іс әрекет дағдылары мен білімдік күзiреттiлiктер негiзiнде оқу мен жазудағы сауаттылық, жаратылыс ғылымдарындағы сауаттылық, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, құқықтық сауаттылық, денсаулық мәселесіндегі сауаттылық қалыптасады. С.И. Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры,

строения чего-нибудь (книжн) [3]» – деп анықталса, Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалдық ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады [4]» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы, техникалық құрал-жабдықтарды алар болсақ (компьютер, сканер, принтер, т.б.), олардың өз функциялары бар. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді. Айталық, мектеп директорының, оқу ісі немесе тәрбие жөніндегі орынбасарларының әрқайсысының өз функциясы бар және әрқайсысы өз бағыты бойынша жауап береді.

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен

қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. *«Функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі [5]»* – дейді Н.Ә. Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интерактивті дәрісінде.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге 18 дайындау қажеттігі туындайды [6]. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті ғалымдар (А.Хуторской, М.Ж. Жадрина, Н.Н.Нұрахметов, Ж.Т.Дәулетбекова) белгілі бір пәнге қатысты оқушының игерген іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтайды. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беруде жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыттан оқушылардың бойында құзыреттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесі қарастырылуда. Құзыреттілік бағыт – межелеген мақсаттарға жету үшін оқушының ішкі (білім, білік, дағды, құндылық, психологиялық ерекшеліктер және т.б.) және сыртқы (ақпараттық, адами, материалдық және т.б.) ресурстарды тиімді ұйымдастырудағы дайындығының қалыптасуын көздейді. Мектепте берілетін білім, ендігі жерде, негізгі мақсатқа жетудің құралы болуы керек деп тұжырымдалды. Дәстүрлі мектепте білім баланың білімді болуы үшін ғана беріліп, сол берілген білімнің болашақта бала өміріне қаншалықты қажет екендігі қарастырылмады. Педагогикалық мақсат нәтижесінде бала түсініктерді, мәліметтерді, ережелерді, заңдылықтарды, біліктіліктерді және т.б. меңгеруі тиіс, ал мұғалім сол білімді меңгертуі тиіс болды. Егер оқу нәтижесі құзыреттілік деп анықталса, онда пәнді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады. Сонымен, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық

сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

3. Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.

4. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.

5. 2012 жылғы 5 қыркүйекте Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интерактивті дәрісі.

6. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» («Егемен Қазақстан»), 2012 ж. 10 шілде мақаласы.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Қазақстанның бүгінгі мақсаты – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Еліміз жылдан-жылға бұрынғы Елбасымыздың бағыт-бағдарының арқасында ілгері қарқындап, табыстан-табысқа жетті. Елбасымыздың мақсаты – Мәңгілік ел болу еді.

Мәңгілік ел болу – Ол біздің өз қолымызда деген Елбасының сөзі айқындайды. Мәңгілік сөзі ата-дәстүрімізден қалған кең-байтақ жеріміз, асыл қазынамыз, және мемлекеттік тілімізбен байланысты. Қазақтың көрнекті жазушысы Ғ.Мүсірепов « Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» деп айтуында терең ой жатыр. Тіліне қалай қараған ұлттың кәзіргісі мен болашағын шамалай беруге де болады. Шығыстың бір данышпаны: *«Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзіңді түзеп, содан соң балаң мен достарыңды түзе»* деген екен. *«Тәрбие – тілден басталады»* дейтін халқымыз, анадан туғаннан бастап-ақ баласын ана тілімен сусындыра бастайды. Аңғарып қарасаң ана сүті мен аялы алақанысыз ана тілінің қанат жаюуы мүмкін емес шығар. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі

және келешек ұрпақты біріктіретін көпір. *«Өзіңді ағалата алмасаң да, еліңді табалатпа»* демекші, тілін қастерлеген, тілін пір тұтқан қазақтың тілін басқа ұлт өкілдері де, мемлекеттік тілді үйрену қажет деп санайды. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деп Елбасымыз айтқандай, тіл болмаса қазақ қауымы да болмайды, тіл арқылы Отанымызды танимыз.

Л.Толстой *«Тіл – ойлау құралы, тілге қалай болса, солай қарау деген қалай болса солай ойлау»* деген сөз деп тілге тиек еткен. Тіл халықтың жаны, шамшырағы, қайнаған өмірдің сәні.Тіл өткенімізден қалған асыл қазына. Бізге ата-бабамыздан қалған асыл қазынасын сақтап, баптап қастерлеуіміз борыш деп санаймын. Тіл бізге бабаларымыздан қалған – аманат екенін біле тұра сақтамау қиянат. Заман талабына сай үш тілді білу болашақтың еншісі ал тілімізді құрметтеу, қастерлеу білімділіктің ең басты факторы,туған тілінде сөйлеу және оны сыйлаудан басталады. Бүгінде ана тіліміз тұғыры биік, өз ортасын қайта толтырып, «мемлекеттік мәртебе» дәрежесіне ие болды. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» Әрбір адам өз ана тілін білуге міндетті. Қорыта келе Мәңгілік елдің тілі де мәңгі. Оған дәлел бүгінгі күні қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері де көбеюде. Келешекті кемеңгер ғана болжайды демекші осындай ұрпақтар біздің «Мәңгілік елдің» тамырын тереңдетіп қазығын бекіте түседі деген сеніммен айта аламын. Мен Отанымды, Тәуелсіз Қазақстанымды, қасиетті де қастерлі мекенімді, болашағы айқын, келешегі жарқын тілімді мақтан етемін. Жасай бер, қазағым ана тілім өсе бер, өркендей бер!

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

С а б а қ т ы ң мақсаты:	7.1.3.1 /Т/А/ Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. 7.4.4.4/ӘТН/- еліктеу сөз оның түрлері туралы білу, қолдану.
К ү т і л е т і н нәтиже	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмалардың мазмұнын түсінеді, одағай сөздермен танысады. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген

	қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.Өзіндік көзқарасын білдіріп, өмірмен байланыстырады, одағай сөздерге тән белгілерді ажыратады.
Т і л д і к мақсаттар	Негізгі сөздер мен тіркестер: <i>тамақтану, дұрыс тамақтану, одағай сөздер;</i>
	Талқылауға арналған сұрақтар: 1. <i>Мәтінде қандай тамақтану тәртібі берілген?</i> 2. <i>«Қазіргі уақыт тапшы заманда адамдар дұрыс тамақтанып жүр ме?» тақырыбында өз ойларыңды ортаға салыңдар.</i> 3. <i>Берілген мәтіннен одағай сөздерді табу.</i>
	Оқулық, интерактивті тақта, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Музыка, қазақ тілі.
Алдыңғы оқу	<i>Дос пейілді достық үйлері. Достық ұлтқа бөлінбейді.</i>

Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы:	Ресурстар
<p>Басталуы 5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі – 2 минут. Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді. 1-топ: Сүттен жасалатын тағамдар: <i>(Айран, қаймақ, ірімшік, құрт, сары май.)</i> 2-топ: Еттен жасалатын тағамдар: <i>(Қуырдақ, кәуап, котлет, қазы-қарта, фарш)</i> 3-топ: Бау-бақша өнімдері: <i>(Қауын, қарбыз, қияр, қызанақ, асқабақ, картоп).</i> 4топ: Ұннан жасалатын тағамдар: <i>(Бауырсақ, табанан, жайма(іңкәл), макарон, бәліш).</i> Үй тапсырмасын «Серпілген сауал» әдісімен тексеру.</p>	<p>Суреттік қиынды қағаздар</p>

<p>Жаңа білім 10 минут</p>	<p><u>Білу және түсіну</u> Интер белсенді тақтадан «<i>Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі</i>» тақырыбында видеоролик көрсетіп, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтамын. (Сабақтың мақсатын айтамын.) Аудиомен мәтін тыңдатамын.</p>	<p>Оқулық, мәтіндер.</p>
<p>Ортасы 10 минут</p>	<p><u>Қолдану</u> 1-тапсырма «Жариялау» әдісі (әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (2 минут) қатысушылар алдында сөйлеп өз ұстанымын жеткізеді) (Әр топқа тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар үлестіремін) Сұрақтар: 1. – <i>Мәтінде қандай тамақтану тәртібі берілген?</i> 2. – <i>Қазіргі уақыт тапшы заманда адамдар</i></p>	<p>Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер</p>

дұрыс тамақтанып жүр ме? Дұрыс тамақтанбаудың адам ағзасына тигізер зияны қандай?

3. – Неліктен құрамында майы көп тағамдарды жеуге шектеу қояды? Сенің ойыңша, қандай ауруға шалдығуы мүмкін?

4. – Қазіргі уақытта тәтті сусындарды, соның ішінде фанта, пепси кола, т.б қандай тағамдарды жеуге болмайды деп ойлайсың? (Қосымша ақпарат көздерінен не білесіңдер?)

«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен бағалау.

Талдау

2-тапсырма **Топтық жұмыс.**

1-топ. Мәтін бойынша дұрыс тамақтанудың тәртібін құрастырып, постер қорғау.

2-топ. Көп нүктенің орнына тиісті еліктеу сөздерді қойып, түріне,

	<p>құрамына талдау. 3-топ. Еліктеу сөздерді сәйкестендіріп жазу. 4-топ. Берілген өлең жолдарынан еліктеу сөздерді табу.</p> <p>«Қол шапалақ» әдісімен бағалаймын «Ыстық орындық» әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Ж а т т ы ғ у д ы ң сипаттамасы: <i>Бір оқушы алға шығып, өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.</i></p>	<p>« Ы с т ы қ орындық» орындық ә д і с і , сұрақтар, орындық.</p>
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту 10 минут</p>	<p>Синтез «Кластер» әдісімен сабақты қорытындылау. Дұрыс тамақтану дегеніміз не?</p>	

<p>Бағалау</p> <p>5</p> <p>минут</p>	<p>Бағалау парақшасы</p> <p>Дұрыс жауапқа 5 балл.</p>	<p>Бағалау парақшасы</p>																																				
<p>Кері байланыс</p> <p>3</p> <p>минут</p>	<table border="1" data-bbox="243 258 771 556"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>«Жариялау» әдісі</th> <th>Топтық жұмыс</th> <th>«Ыстық орындық» әдісі</th> <th>«Класстер»</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table> <p>«Рефлексиялық шеңбер»</p> <p>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> – <i>Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?</i> – <i>Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?</i> – <i>Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?</i> – <i>Сабақта қандай қиындықтар туындады?</i> – <i>Сабақ аяқталғандағы көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</i> 	Оқушының аты-жөні	«Жариялау» әдісі	Топтық жұмыс	«Ыстық орындық» әдісі	«Класстер»	Балл																															<p>Рефлексиялық шеңбер</p>
Оқушының аты-жөні	«Жариялау» әдісі	Топтық жұмыс	«Ыстық орындық» әдісі	«Класстер»	Балл																																	
<p>Қосымша ақпарат</p>																																						

<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пән аралық байланыс – Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері</p>
---	--	---

<p>Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>		<p>А К Т - мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		

Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе

Н.АЙЫМБЕТ,
Жүзімдік жалпы орта мектебі
мемлекеттік коммуналдық
мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы
Бәйдібек ауданы

АВТОРҒА ХАТ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	5 . 2 . 3 . 4 . К ө р к е м шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат, өлең жазу.
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: Мысалдан алған тірек сөздерді қатыстырып, авторға хат жазады.
	О қ у ш ы л а р д ы ң көпшілігі орындай алады: Мысалдан алған әсерінен үлгі бойынша авторға өлең жазады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Мысалдан алған әсерін талдап, қанатты сөзді пайдаланып, хатқа түйін жазады
Бағалау критерийі	Тірек сөздермен авторға хат жазады.

	Шығармадан алған әсерімен авторға өлең жазады
Т і л д і к мақсаттар	Мысалдың іс-әрекеті мен образын ашады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен сөз тіркестері: <i>тәкаппар, бидай, егінші.</i>
	Диалог пен жазу үшін қолданылады: <i>кекірейін, көкке қарап, тағзым етіп.</i>
Құндылықтарға баулу	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау
Пән аралық байланыс	Жаратылыстану, өзін-өзі тану
Алдыңғы білім 5 мин.	Оқыған мысал туралы пікір алмасу мақсатында «Қабырғадағы рөл» әдісімен кейіпкерлер туралы білімдерін ортаға салады. Кейіпкерлер: <i>әке, бала, бидай.</i>
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ж о с п а р л а н ғ а н ж а т т ы ғ у т ү р л е р і	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин.	Ш и р а т у ж а т т ы ғ у ы. «Сұхбат» әдісі 1. <i>Балалар, А. Байтұрсынұлы кім?</i> 2. <i>Қандай еңбектерін білесіңдер?</i>	

	<p>3. «Егіннің бастары» мысалы арқылы ақын қандай ой түйеді?</p> <p>«Егіннің бастары» – жас баласын жанына ертіп, егістікті аралап жүрген қарттың дәнсіз бидайдың даңғойлығын сынауын мысал еткен.</p> <p>Мұғалім сабақтың мақсатын түсіндіреді.</p>	
<p>С а б а қ т ы н ң ортасы 23 мин.</p>	<p>1.Өз бетінше жазудың алдында идея тудыру үшін: «Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді, Тәкаппар, – оны халық,- жаман, – дейді. Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді.</p> <p>Осы жолдардың мазмұнын терең ұғып оқып, талдау жасау. Ойды тұжырымдауға қолдау көрсету.</p> <p>2.Жазылым кезеңі. Тапсырма №1 1-деңгей: Бунақтарды дұрыс орналастыру арқылы өлең құра. А). Жайқалып/ мұнартып/ әкесі/егінді/өскен егінді/көзі</p>	

	<p><i>шалады/ерткен баласын/ аралап келеді.</i></p> <p>Ә). <i>Тәкаппар/таразысы деп/жауап қайырған/есінде болсын/кесанат/ақылының/ әкесі/балам деп</i></p> <p>2-деңгей: Дайын өлең тармақтарын әрі қарай жалғастыр.</p> <p>А). <i>Қыр басында әрқилы, Сары теңіз толқиды.</i></p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>Ә). <i>Жезге ұқсас сабағы, Дәні – халық тамағы.</i></p> <p>.....</p> <p>.....</p> <p>3-деңгей: <i>«Тәрбиеліден – тәлім, өнерліден – өнеге ал» деген ойды пайдаланып, өлең жаз.</i></p> <p>3. Жазылымнан кейін</p> <p>Жұмыстың белгіленген критерийлеріне сәйкес тексереді, түзетеді, жетілдіреді. Мақсатқа сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>– бунақтарды дұрыс орналастырып, өлең құрастырады;</p>	
--	--	--

	<p>– өлеңнің тармақтарын жалғастырады; – ойды негізге алып, өлең құрастырады.</p> <p>Кері байланыс. ҚБ. Критерийлер арқылы бағалау (Өзара бағалау).</p> <p>Тапсырма №2 «Жазушының қойын дәптері» әдісі.</p> <p>Мұғалім сұрақ қояды. Оқушылар тезис жазып, хат үлгісін құрастырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Хатты кімге арнайсыз?</i> 2. <i>Хатты қандай мақсатта жазасыз?</i> 3. <i>Хат мазмұны не туралы болмақ?</i> 4. <i>Ойыңызды қалай түйіндейсіз?</i> <p>Кері байланыс Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> – <i>Тезис бойынша авторға хат жазады;</i> – <i>Хат мазмұнында өлең туралы ойын жеткізеді;</i> – <i>Мысалдан алған әсерін жеткізеді;</i> – <i>Хат құрылымын сақтайды.</i> 	
--	---	--

<p>Сабақтың соңы 7 мин.</p>	<p>« А в т о р орындығы» Авторға жазған хатын оқығысы к е л е т і н оқушылар өз ш е ш і м і м е н шығармасын оқып береді. ҚБ. «Не жақсы?» Жақсы деп с а н а л а т ы н жұмысқа пікір айтады.</p>	
<p>Қ о с ы м ш а ақпарат</p>	<p>Хат қазіргі кезде ұялы телефондар шыққанға дейін байланыс қызметін атқарды. Оның қаншалықты қасиетті, беделді болғанын кейінгі толқын біле бермейді. Апаларымыз бен аталарымыздың сандықтарының түбінде хаттар сап-сары боп сақтаулы жататын. Бұл – айлап-жылдап жинақталған сағыныштар, әскердегі баласына деген сағыныш, баласының анасына деген махаббаты, ғашықтардың сезімін жеткізуші үміт жібі.</p>	

<p>Саралау: Д е н г е й л і к тапсырма: С а б а қ т ы н ортасында: 1 - д е н г е й : Бунақтарды дұрыс орналастыру арқылы өлең құрайды. 2-денгей: Дайын өлең тармақтарын әрі қарай жалғастырады. 3 - д е н г е й : «Тәрбиеліден – тәлім, өнерліден – өнеге ал» деген ойды пайдаланып, өлең жазады.</p>	<p>Бағалау әдісі С а б а қ т ы н ортасында : Критерийлер арқылы бағалау (Өзара бағалау); С а б а қ т ы н соңында: «Не жақсы?»</p>	
<p>Сабақ бойынша рефлексия – Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? – Бүгін оқушылар нені үйренді? – Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?</p>		

<p>– Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?</p> <p>– Мен жоспарланған уақытымы ұстандым ба?</p> <p>– Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p><i>1. Сабақ мақсаттары жүзеге асты.</i></p> <p><i>2. Оқушылар үлгі, тармақ, ой түйінді пайдаланып, өлең жазады, тезис арқылы авторға хат жазады.</i></p> <p><i>3. Жағымды атмосфера.</i></p> <p><i>4. Саралау жүзеге асырылды.</i></p> <p><i>5. Уақыт сақталды.</i></p> <p><i>6. Өлең жазу жолдары бойынша тапсырмалар өзгертілді</i></p>
<p>Жалпы баға</p> <p><i>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</i></p> <p><i>1. Өлеңге берілген үлгілер;</i></p> <p><i>2. «Сұхбат» әдісі.</i></p> <p><i>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</i></p> <p><i>1. Саралау тапсырмалары;</i></p> <p><i>2. Қалыптастырушы бағалау.</i></p> <p><i>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</i></p> <p><i>Оқу мақсатынан сабақ мақсаттарын шығару, оқушылардың деңгейлеріне қарай саралау.</i></p>	

Т.К.БАЙМУРЗИНА,
«Жаңақоныс ЖОББМ» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Шалқар ауданы,
Ақтөбе облысы

Ы.АЛТЫНСАРИН “ҚЫПШАҚ СЕЙТҚҰЛ” ӘНГІМЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	* көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. (5.Т/ЖЗ.)
С а б а қ т ы ң мақсаты	Барлығы орындай алады: Кейіпкерлер бейнесі мен іс-әрекетіне талдау жасайды;
	Көпшілігі орындай алады: Кейіпкер бейнесіне қатысты өзіндік пікір танытады;
	Кейбірі орындай алады: Ыбырай идеяларының өміршеңдігі жайында көзқарасын білдіреді.
Б а ғ а л а у критерийі	* Кейіпкерлер бейнесі мен іс – әрекетіне талдау жасайды; * Кейіпкер бейнесіне қатысты өзіндік пікір танытады; * Ыбырай идеяларының өміршеңдігі жайында көзқарасын білдіреді.

<p>Т і л д і к мақсаттар</p>	<p>Пәнге қатысты терминдер: <i>әңгіме, сюжет, портрет.</i></p>
	<p>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сейітқұл елі үшін қандай ой ойлады? Оған ерген халық қандай кәсіппен айналыса бастады?</i> • <i>Сейітқұл бастаған елге басқа халық не себепті қосылды?</i> • <i>Сейітқұлдың ағасы бай болу үшін не істеді? Соңында тағдыры қалай аяқталды?</i>
	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Ыбырай Алтынсариннің басқа қандай шығармаларын білесіңдер?</i> • <i>Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармаларына байланысты деректерді қосымша материалдарға сүйенен отырып, толықтырыңдар.</i> • <i>Не себепті қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың басында ағартушылық бағыт дамыды? Олардың ірі өкілдері кімдер болды?</i>
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<ul style="list-style-type: none"> * <i>Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау</i> * <i>Өзгелердің мәдениетіне, көзқарастарына құрметпен қарау</i> * <i>Жауапкершілік, достық.</i> * <i>Бауырмалдылық және айналадағыларына қамқорлық</i>

	<p><i>көрсету.</i></p> <p>Құндылықтарға баулу топтық, жұптық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар арқылы іске асырылады.</p>
Пәнаралық байланыс	Сабақта АКТ – ны қолдану арқылы информатикамен, заман шындығы туралы мәлімет беретін тарих пәнімен байланысады, сабақтың жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы өзін-өзі танумен ұштасады.
	Оқушылар автор туралы мәлімет біледі, әңгіме мазмұнын меңгерді.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.</p> <p>«Тамаша екен!...» тренингі тыңдаушылардан жақсы қасиеттерін айту сұралады, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Мен ақкөңілмін. -Мен ақылдымын. -Мен мейірімдімін. <p>Және әр білім алушы жақсы қасиетті айтқаннан кейін «Тамаша екен!» деп хормен бір мезгілде айтып, басбармағын</p>	<p>Слайд</p> <p>Суреттер</p>

көрсетіп, қолдарын жоғары көтереді.

Бұл арқылы білім алушылар өз-өзіне шынайы баға беруді, бір-біріне ықылас білдіруді үйренеді.

Шеңберде тұрған оқушылар 1,2 сандары арқылы топқа бөлінеді.

– *Неліктен бұл тапсырманы орындадық деп ойлайсыңдар?*

– *Біздің бүгінгі мақсатымызға қандай қатысы бар деп есептейсіңдер?*

Ендеше біздің бүгінгі мақсатымыз - көркем шығармадағы кейіпкерлердің бейнесін ашу Қойылған мақсат арқылы нені бағалайтын боламыз?

С.

Топқа бөлу арқылы оқушылардың бүгінгі сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Сыныпты 3 топқа бөлу немесе «**Миға шабуыл**» әдісі арқылы жазушы өміріне шолу жасау.



1. Қоңыраудың Ыбырай өмірімен қандай қатысы бар?

2. Мынау кімнің үйі? Немесе қандай мақсатта салынған ғимарат?

3. Егін даласының суретін Ыбырай өмірімен байланыстырып көрейікші...

Өткен сабаққа оралу

Ж.

«Тапқырлар сандықшасы» әдісі

1. Әңгімедегі басты кейіпкер кім? Ол қандай адам?

2. Сейітқұл соңына ерген кедейлерді қайда бастап апарды? Олар қандай пайдалы тірлікпен айналысты?

	<p>3. Сейітқұл бастаған елге басқа халық не себепті қосылды?</p> <p>4. Адал еңбек Сейітқұлды қандай дәрежеге жеткізді?</p> <p>5. Сейітқұлдың ағасының тағдыры қалай аяқталды?</p> <p>6. Ыбырай Алтынсариннің басқа қандай шығармаларын білесің?</p> <p>7. Не себепті қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың басында ағартушылық бағыт дамыды? Олардың ірі өкілдері кімдер болды?</p> <p>8. Осы әңгімесі арқылы Ыбырай не айтпақшы болды?</p> <p>9. Малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар неліктен Сейітқұл еліне бата алмады?</p> <p>10. Сейітқұлдың жұрттан асқан бай болуының себебін қандай мысалдармен дәлелдер едің?</p> <p>ҚБ. Мұғалімнің кері байланысы арқылы жүзеге асады.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Т. 1-топ « FІLA толтыру» әдісі</p>	

Топ құрамындағы оқушылар «**FILA** толтыру» әдісі бойынша тапсырма түрлерін бөліп алады. Қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.

F /дерек/ -шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;

I /пікір/- кейіпкер туралы өзінің ой-пікірі;

L/ сұрақ/ - кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;

A / іс-әрекет/ - кейіпкер іс-әрекеттері арқылы түйінді ой айту.

деректер	пікірлер	сұрақтар	іс-әрекет

Дескриптор:

- шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинайды;

- кейіпкер туралы өзінің ой-пікірін білдіреді;

- кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар қоя біледі;

- кейіпкер іс-әрекеттері арқылы түйінді ой айтады.

2-топ:

«**Қос диаграмма**» әдісі арқылы Сейтқұл мен Әлімқұлдың бейнесін, іс-әрекеттерін салыстырады

Дескриптор:

- Сейтқұл мен Әлімқұлдың бейнесін, іс-әрекеттерін салыстырады;

- Кейіпкер іс-әректене баға бере алады;

Флипчарт,
слайд

- *Мақал-мәтелмен мысал келтіре алады;*

- *Әңгіменің негізгі түйінді идеясын жазады.*

ҚБ.



«Бағдаршам көздері» әдісі

«Жасыл» - Жарайсың!

«Сары» - Біз сенің пікіріңе ризамыз.

«Қызыл» - Сен бұдан да жақсы пікір айта аласың.

«Ашық микрофон» әдісі

- *Ыбырай идеясының өміршеңдігі жайында көзқарасыңды білдір.*

- *XXI ғасырда осы кейіпкерге ұқсайтын адамдар бар ма?*


Менің ойымша..

Мысалы..... Өйткені....

ҚБ.

«...Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады. Мемлекет пен адамдардың күш

	<p>біріктіруінің арқасында ғана біз жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз...»</p> <p>Тұңғыш елбасы жолдауы жолдарынан.</p> <p>«Ой сүзгі» әдісі. Мұғалім: – Сонымен, оқушылар, бүгінгі тақырыптан нені меңгергенімізді еске түсірейік? Ыбырай аңгімесінен менің үйренгенім ...</p>	
<p>С а б а қ т ы ң соңы</p>	<p>Рефлексия М: – Сонымен, оқушылар, бүгінгі тақырыптан нені меңгергенімізді еске түсірейік? Ж . С а б а қ т а ғ ы рефлексияны оқушылар «Кітапхана» әдісі бойынша жүргізеді. 1. Барлығын түсіндім. 2. Енді түсініп келемін. 3. Түсінбедім. Үйге тапсырма: «Адал еңбек – мұратқа жеткізер» эссе жазу.</p>	

<p>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>«Қос диаграмма» әдісі кезінде қарым-қатынас формалары бойынша саралау жүргізіледі, яғни қабілеті орта оқушы өзінің құрбасынан көмек алуға мүмкіндігі бар. Қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.</p> <p>«Ашық микрофон» стратегиясы</p>	<p>КБ.</p>  <p>«Бағдаршам көздері» әдісі</p> <p>«Жасыл» - Жарайсың!</p> <p>«Сары» - Біз сенің пікіріңе ризамыз.</p> <p>«Қызыл» - Сен бұдан да жақсы пікір айта аласың.</p>	

<p>күтіледі және қабылданады кезеңінде нәтиже немесе жауап бойынша саралау барысында оқушыларға бірдей тапсырма ұсынылғанмен, түрлі деңгейдегі жауапкүтіледіжәне қабылданады.</p>		
<p>С а б а қ б о й ы н ш а рефлексия</p> <p>– <i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шын айы, қолжетімді болды ма?</i></p> <p>– <i>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау</i></p>		

<p><i>дұрыс жүргізілді ме?</i></p> <p>– <i>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i></p>		
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>		

Бір тақырыпқа екі сабақ

Ұ.С. БЕРДЕШОВА,
«Қ.Жазықов атындағы
орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі мен
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Кемерши ауылы

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 6.4.3.1 диалект сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.
Сабақ мақсаты	Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы бесікке салу тақырыбын болжау.
С а б а қ т ы н нәтижесі:	Оқушылардың барлығы: Елорда – Астана қаласының тарихымен танысады.
	Оқушылардың көпшілігі: Ауызекі сөйлеу қабілеттерін сұрақ-жауап арқылы дамытады, сөздік қорын молайтады, Астана туралы білімдерін, ойлау қабілеттерін дамытады.
	Оқушылардың кейбірі: Тыңдаған үзіндінің толық мазмұнын түсіне алады; Оқиғаның логикалық дамуын көбіне дұрыс болжай алады.

Бағалау критерийлері	Берілген суреттерге қатысты тірек сөздерді анықтайды. Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы бесікке салу тақырыбын болжайды.
Тілдік мақсаттар	Тірек сөздер: <i>бала, бесікке бөлеу, атаның бата беруі, той, балаңыздың бауы берік болсын, отпен аластау, ит көйлек</i>
	Диалог пен жазу үшін қолданылатын тіркестер: <i>Оның себебі...менің ойымша...</i>
Құндылықтар	Отбасындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің маңызы. Қазақ халқының тәлім-тәрбиесін құрметтеу.
Пән аралық байланыс	Әдебиет, өзін-өзі тану.
Осыған дейін меңгерілген білім	«Астана» тақырыбы бойынша құрастырған әңгімелерін оқыды.
ЖОСПАР	

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту кезеңі Сәлемдесу, сабаққа дайындық. М ұ ғ а л і м оқушыларға	

«Күншуақ» әдісімен бір-біріне жақсы тілектер тілеу арқылы сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыруларын ұсынады. Оқушылар бір-біріне күннің шуағы арқылы сабаққа тілек айтады.

Топқабөлу. Оқушыларға түрлі түсті ленталар таратылады. Шеңберге тұрып, шаңырақ құрады. Бірдей түсті ленталары бар оқушылар бір топқа отырады.

Сұрақтарға жауап берейік:

1. – Біз қай елде тұрамыз?

2. – ҚР-ның президенті кім?

3. – Қазақстан қандай мемлекет?

4. – Қай жылы тәуелсіздік алдық?

5. – 2016 жылы тәуелсіздік алғанымызға неше жыл толады?

6. – Қазақстан Республикасының тарихында қандай қалалар неше астана дәрежесіне ие болды?



	<p>– <i>Өте жақсы балалар, жас мемлекетіміздің тарихын білеміз және білуіміз керек, өйткені бұл – біздің тарихымыз. Отанымызды қорғауға, сүйеге тиістіміз!</i></p> <p>Жаңа тақырып бойынша сөздерді талдау, аудару, сөздік дәптерге көшіріп алу. Сөз тіркестер құрастыру.</p> <p>Жаңа сөздер: <i>Қаланған – Гимараттар – Құқық – Мақтанымш –</i></p> <p>Ресурс. Мәтінмен жұмыс.</p> <p>Оқу, аудару, сұрақтар қою. Астана қаласының тарихымен танысу.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Тыңдалым алдындағы тапсырма.</p> <p>С. «Ой қозғау» әдісі.</p> <p>1-тапсырма. Мұғалім оқушыларды Астана қаласы бейнеленген сурет өнерінің туындыларымен таныстырады.</p> <p>– <i>Суретте қандай не</i></p>	

бейнеленгенін айтыңдар.

– Тірек сөздер бойынша сабақтың не туралы болатынын болжаңдар.



Суреттерді оқара байланыстырып өңгіме құра.



1-тапсырма. Оңатқи тыңда.



2-тапсырма. Тыңдалым мәтінін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Жеті түрін ғаламаттың сипаттап...» деген өлең жолдарымен қалай түсінесің? Геродот жапыл деректерді жұбымен бөліс.
2. Өлең жолдарындағы өлеңді таңғалдыратын нелер? Олар несімен қызықты?
3. Астана «сегізінші ғаламат» болы ала ма? Себебін түсіндір.



3-тапсырма. Бұрын қалақ қалың қандай үйде тұргені? Оны қалай атаған?



76

Тірек сөздер: Қала, жаңа демалыс орындары

Дескриптор:

1. Суреттер мен тірек сөздерге сәйкес тақырыпты болжайды.

2. Сөздердің мағынасын түсіндіреді.

ҚБ. «Қолпаштау» әдісі.

Тыңдалым

Т/Ж 2-тапсырма. Ой шақыру.

1. – Оқушылар берілген «Бесікке салу» мәтіні не туралы болуы мүмкін?

2. – Нені білгілерің келеді?



Дескриптор

1. – Тыңдаған мәтін негізінде 3 сұрақ дайындайды;
2. – Топ ішінде тапсырманы орындайды;
3. – Сұрақтарға жауап береді.

ҚБ «Смайлик»

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.



Тілдігі бағу
Диалект сөздер

Диалект сөздер – Белгілі бір жердегі тұрғындардың сөйлеу тілінде қана қолданылатын сөздер. Диалект сөздер жалтықалыстық болып ескерілетіндігі, бірақ олардың әдеби тілде бақылаулары болмауы.

Мысалы:

Әдеби тілде	түркі	түркі	Сұрау ойыны
	көпшік	көп	Мәңгі, Шығыс Қазақстан ойыны
	сыбарта	жар	Ақмола ойыны
	қарағаш	тұрақ	Сыртқы Қазақстан ойыны

Диалект сөздер түрше болып келеді. Мысалы, тығыз – тығызды, айбыл – айбыл, өсетін – бөлетін, бросық – бросық, бросық – бросық, келуі – келді т.б. Қазіргі заманғы тілде біраз диалект сөздер енгізіліп, жалтықалыстық тілге айналды. Мысалы, арадан осы жердегі, риза, кешен, немәтәуі (шағырмен) басары, ұяма, гүлстан т.б. Тілдегі бұл құбылыс әдеби тілді байытудың бір жолы болып ескеріледі.

4 тапсырма. Төмендегі диалект сөздерді тиімділікпен жұмысқа пайдалануға баулауға тырыстыра жазыңыз.

Үлгі:

1) 2) 3) 4) 5) 6)

7) 8) 9) 10)

77

Дескриптор

1. – Тапсырмалар бойынша ойларын жинақтайды.
2. – Өз ойларын айтады.

ҚБ. «Бас бармақ»

«Бас бармақ» тәсілі

Барлығын түсіндім ---

Енді түсініп келемін ---

Түсінбедім ---

Сабақтың соңы	Рефлексия «БББ» кестесі		
	Білім	Білемін	Білгім келеді?

<p>С а р а л а у тапсырмалары: Барлық оқушылар тірек сөздер мен суреттер арқылы тақырыпты болжайды. Тірек сөздер, суреттер берілді. Оқушылардың көпшілігі тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар құрастырады. Мәтін беріледі. Кейбір оқушылар бесікке қатысты өз ойларын айтады. Интернет желісін пайдаланады.</p>	<p>Бағалау ҚБ 1«Қолпаштау» ҚБ 2 «Смайлик» ҚБ 3 «Бас бармақ» Рефлексия «БББ»</p>	<p>Д е н с а у л ы қ және қауіпсіздік техникасы сақталды. Оқушылар топқа бөлінгенде қауіпсіздік техникасы сақталады.</p>
<p>Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған у а қ ы т ы м д ы ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Сабақтың басында ой қозғау арқылы сабақтың тақырыбына шығады. Оқушылар топпен сұрақтарды талқылайды. Мақсатты жүзеге асыру үшін мәтін ұсынылады. Мәтінге кіріспес бұрын алдымен суреттер көрсетіледі. Мәтіндегі тірек сөздерді пайдалана отырып, сабақтың тақырыбын болжайды. Оқушылардың белгілі бір нәтижеге жетуі үшін топтық жұмыс ұйымдастырылады. Топпен жұмыс кезінде оқушылар бір-бірімен кеңесе алады, тапсырмаларды орындай алады. Дифференциация тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады.</p>	

М. Х. АБДРАХМАНОВА,
 № 39 гимназия
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәндерінің мұғалімі.
 Алматы облысы
 Іле ауданы

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

<p>О с ы сабақта қол жеткізілетін о қ у мақсаттары</p>	<p>6.2.3.1. - ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін анықтау; 6.4.3.1 - неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.</p>
<p>С а б а қ мақсаттары</p>	<p>Ауызекі сөйлеу этикеттерін сақтайды, көркем сөйлеуге талпынады. Тақырыпқа байланысты тірек сөздермен бірнеше сөйлем құра алады. Неологизм, термин, диалект сөз,кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата біледі.</p>
<p>Ж е т і с т і к критерийлері</p>	<p>Мәтін бойынша жұмыс істей отырып, білім деңгейін көтереді, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастырады. Тақырыпты болжап, сұрақ қояды.</p>
<p>Тілдік мақсат</p>	<p>Неологизм, термин, диалект сөз,кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата біледі, ауызекі тілде қолданады.</p>

Құндылықтарды игерту:	Ынтымақтастық, жақсы қарым-қатынас, сыни тұрғыдан ойлану қасиеттерін қамтиды.
Пән аралық байланыстар	Әдебиет, тарих, география, музыка, сурет пәнімен байланыс
Алдыңғы меңгерілген білім	Астана жайлы деректер жинау.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ басы 5 минут	<p>(Ұ) Ынтымақтастық ортасын құру. Топқа бөлу. Мозаика әдісі <i>Бәйтерек, Хан Шатыр, Атамакен, ЭКСПО.</i></p> <p>Ассоциация (кроссворд) (Астана).</p> <ol style="list-style-type: none"> <i>Біздің бас қаламыз (Астана).</i> <i>Менің елім (Қазақстан)</i> <i>Еліміздің символы (Бәйтерек).</i> <i>Ең әдемі ірі сауда ойын-сауық</i> 	

	<p><i>орталығы.</i> <i>(Хан Шатыр).</i></p> <p>5. «ЭКСПО» көрмесіндегі бірінші нысан (<i>Нұр әлем</i>).</p> <p>6. ҚР президентінің резиденциясы қалай аталады? (<i>Ақ Орда</i>)</p>	Слайд
Сабақтың ортасы	Білу және түсіну	Бағалау
5 минут	Айтылым «Галереяда ой шарлау» әдісі Суреттер ілініп, 3 оқушы жауап береді. Тілдік бағдар (диалект сөздер.)	«жұлдызша»
5 минут	Жазылым 9- тапсырма, 72 бет. Тыңдалым (мәтінмен жұмыс)	Постер құрастыру Қима қағаздар.
20 минут	Қалыптастырушы бағалау. «Миға шабуыл» стратегиясы (топтық жұмыс) 1 топ – РАФТ әдісі. 2 топ – «Деректі болжам» әдісі (зерттеу.) 3 топ – ТВ шоу (тікелей эфир.) 4 топ – шығармашылық жұмыс (өлең жазу.)	

<p>Сергіту</p>	<p>Бағалау «Бас бармақ» әдісі «Көңіл толқыны» күй тындау.</p>	
<p>К е р і байланыс 2 мин.</p>	<p>«Бес жолдық өлең» <i>стратегиясы</i></p>	
<p>Рефлексия 3 мин.</p>	<p><i>Зат есім -1</i> <i>Сын есім-2</i> <i>Етістік-3</i> <i>4 сөзден тұратын бір</i> <i>сөйлем.</i></p>	
<p>Үй жұмысы</p>	<p><i>Тақырыптың мәнін</i> <i>ашатын синоним.</i> «Не ұнады?» (25 балаға сауалнама) Бәйтерек жайлы ақпарат жинау.</p>	




Д. Т. НИЯЗТАЕВА,
№81 Ұлықбек атындағы ЖОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы,
Сайрам ауданы,
Қарабұлақ ауылы

АЛМАБЕК МЕКТЕПТЕ

<p>О с ы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау).</p> <p>1.2.3.1 Сұхбаттасын түсіну және түрлі тәсілмен әрекет жасау, этика нормаларын сақтап жауап беру.</p> <p>1.3.2.1 Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну.</p>
<p>С а б а қ т ы ң мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар: Нешінші? деген сұрақты түсінеді. Сұрақ бойынша өзінің нешінші сыныпта оқитынын айта алады.</p>
	<p>Оқушылардың басым бөлігі: Неше? Нешінші? с ұ р а қ т а р ы н ы ң айырмашылығын түсінеді. Үлгі бойынша реттік сан есімдерді айта алады. Өзге балалардан нешінші сыныпта оқитынын</p>

	сұрай алады, өзі сол сұраққа дұрыс жауап бере алады.
	Кейбір оқушылар: Өмірлік жағдаятта реттік сан есімдерді еркін қолдана алады, өзі туралы мол ақпарат бере алады.
Жетістік критерийлері	Диалог арқылы оқушылар нешінші сыныпта оқитынын сұрайды және сол сұраққа жауап бере алады. Мәтіндегі тақырыпқа байланысты таныс сөздердің мағынасын түсінеді.
Дескриптор	– <i>Өзінің нешінші сыныпта оқитынын айта алады</i> – <i>Неше? Нешінші? сұрақтарының айырмашылығын түсінеді</i> – <i>Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсінеді.</i>
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Мектеп, сынып, бірінші, мен бірінші сыныпта оқимын т.б
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың өзара сыйластық, достық, қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	математика

Б а с т а п қ ы білім	Мен жеті жастамын.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
С а б а қ т ы ң басы	Ертеңгілік шеңбер <i>Қуыр-қуыр қуырмаш,</i> <i>Тауықтарға бидай шаш,</i> <i>Бас бармақ – әке</i> <i>Балаң үйрек - шеше</i> <i>Ортан терек – аға</i> <i>Шылдыр шүмек – мен</i> <i>Кішкене бөбек - іні</i>	Аудио- жазба  Қуырмаш.mp3
С а б а қ т ы ң ортасы	Сабақ мақсаттарымен о қ у ш ы л а р д ы таныстырып өту. 1-тапсырма (МК, Ұ) Мұғалім оқушылардың назарын оқулықтағы 1-тапсырмада берілген сөйлесу үлгісіне аударады. Осы диалог арқылы оқушылар нешінші сыныпта оқитынын сұрау және сол сұраққа жауап беру үлгісімен танысады: – <i>Сен нешінші сыныпта оқисың?</i> – <i>Мен бірінші сыныпта</i>	Карточ- калар

	<p><i>оқимын.</i></p> <p>Оқушылармен диалогті тыңдау, қайталау жұмыстары жүргізіледі. Мұғалім осы диалог арқылы оқушыларға реттік сан есімдерді үйретеді. Оқушылардың назарын мектепте, оқимын,оқисың сөздеріне аударады.</p> <p>(Ж) (МК) «Есте сақта!» айдары бойынша неше? нешінші? сұрақтары н салыстыра отырып, көрсетеді. Оқушылар неше? сұрағына бір, екі, үш, төрт, бес т.с.с. деп, ал нешінші? сұрағына бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші т.с.с. жауап беруге жаттығады.</p> <p>(Т)Мұғалім оқушыларға сандар жазылған карточкалар таратады. Оқушылар неше? нешінші? сұрақтарын қою арқылы сандарды тағы бір рет қайталайды. Оқушылар сандарды бір-біріне қарама-қарсы тұрып та айтуларына болады.</p> <p>(МК, Ұ) 2-тапсырманы орындағанда, оқушылар алдыңғы тапсырманы бекіте түседі, олар бір-бірінші, екі-</p>	<p>Оқулық А4 формат- ты ак қағаздар</p> <p>Қарын- даштар</p>
--	--	--

екінші, үш-үшінші, төрт-төртінші, т.с.с. деп қатар айтып жаттығады.

(Ж) 3-тапсырма оқушылардың берілген үлгі бойынша сөйлесу дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Бұл тапсырмада оқушылар алдыңғы үйренген сөйлеу үлгілерін еске түсіріп, оны жаңа сабақта үйренген сұрақтарымен толықтырады. Алдымен диалогті тыңдайды, қайталайды, сонан соң жұппен жұмыс істейді. Берілген үлгі бойынша екі бала сөйлеседі.

-Сәлем!

-Сәлем!

-Сенің атың кім?

-Менің атым -

-Сен неше жастасың?

-Мен жастамын.

-Сенсыныпта оқисың?

-Мен ... сыныпта оқимын.

-Сау бол!

-Сау бол!

(МК, Ұ) 4-тапсырмада оқушылар жұмбақпен танысады. Оқу мақсатына сәйкес жұмбақ сөзні

	<p>түрлендіреді. Жұмбақты тыңдау, хормен және жеке-жеке қайталау жұмыстары жүргізіледі. Жұмбақты жылдам есте сақтау үшін, суреттер, түстер карточкалары (көк, қызыл, қара, сары) қолданылады. Жұмбақтың шешуі: түрлі-түсті қарындаштар.</p> <p>(Ө). Қосымша тапсырма арқылы оқушылар сабақта алған білімдерін бекіте түседі. Өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Кері байланыс «Бағдаршам» кері байланысы <i>Жасыл- жақсы түсіндім.</i> <i>Сары - жартылай түсіндім</i> <i>Қызыл – түсінген жоқпын.</i></p> 	<p>Бағдаршам</p>

<p>Дифферен- циация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? Пікір айту арқылы бағалайды.</p> <p>«Бас бармақ» әдісі бойынша баға береді. <i>Бас бармақ жоғары қараса – өте жақсы.</i></p> <p><i>Бас бармақ орта деңгейде болса – орташа.</i></p> <p><i>Бас бармақ төмен қараса – өте жаман.</i></p> <p>Керемет жұмыс істедің, сөйлемді дұрыс құрауды үйрендің, жақсы жұмыс істедіңдер т.б. мадақтауларды қолданамын.</p>	<p>Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p> <p>АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие)</p>
<p>Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар:</p>	<p>• Өнер, ана тілі сабағы. Оқушылардың өзара сыйластық, достық, қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.</p>	

Ч. Б. АХМЕДОВА,
№81Ұлықбек атындағы ЖОМ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы,
Сайрам ауданы,
Қарабұлақ ауылы

ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)</p> <p>1.2.3.1 Сұхбаттасын түсіну және түрлі тәсілмен әрекет жасау, этика нормаларын сақтап жауап беру.</p> <p>1.3.2.1 Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну</p> <p>1.5.1.1 Мұғалімнің көмегімен заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну, ауызекі тілде қолдану.</p>
<p>С а б а қ т ы н мақсаттары</p>	<p>Барлығы: Сөздерді тыңдайды, түсінеді.</p> <p>Көбі: Сөздерді зейін қойып тыңдайды, түсінеді және оларды дұрыс қабылдайды.</p> <p>Кейбірі: Сөздерді зейін қойып тыңдайды, түсінеді және оларды дұрыс қабылдайды. Өздері сол сөздерді сөйлемде қолдана алады.</p>

Жетістік критерийлері	Тақырыпқа қатысты сөздердің көпшілігін есте сақтайды және мағынасын түсіндіре алады. Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: <i>Кітап, дәптер, қарындаш, сызғыш.</i>
Құндылықтарды дарыту	Оқушылардың өзара сыйластық, достық, қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Өнер, ана тілі сабағы
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта
Бастапқы білім	Менің сыныбым

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ертеңгілік шеңбері Оқушылар мұғалімнің айтқанын қимылмен жасап көрсетеді. Содан кейін	

	<p>әр оқушы айтады. (Бұл тапсырмада дифференциация көрінеді) МЫСАЛЫ: Мұғалімге қара, өшіргішпен өшір, қаламды қолыңа ал, дәптерді жап, қайшымен қи, суретті көрсет, кітапты аш, сызғышты ал.</p> <p>(Тақтада оқушыларға арналған оқу мақсаты жазылады.)</p> <p>«Мен қарапайым а й т ы л ы м д а р д ы қайталаймын»</p> <p>Сабақ мақсаттарымен оқушыларды таныстырып өту.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Гүлдің, оқулықтың суреттерінің қиындылары арқылы топтарға бөлінеді.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div>	

Оқушыларға оқу құралдарының суреттері беріледі, оқушылар мұғалім көмегімен қайталайды.

СЕРГІТУ СӘТІ

*«Жақсы оқушы боламын»
Үлкендерді сыйлайтын,
Сыйлайтын да тыңдайтын.
Кішілерге тимейтін,
Тентектікті сүймейтін
Жақсы оқушы боламын!*

(Н. Жанаев)

- **(Ө)** Сатып алу әдісі бойынша 2-тапсырманы орындайды.
- Маған кітап берші, маған қарындаш беріңізші, маған сызғыш берші...

Жетістік критерийі:

Тақырыпқа қатысты сөздердің көпшілігін есте сақтайды және мағынасын түсіндіре алады.

Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.

Дифференциация

Қабылдау деңгейі жоғары оқушылар оқу құралдары туралы жай сөйлемдер айтады.

	<p><i>Қабылдау деңгейі орташа оқушылар: оқу құралдарына қатысты заттарды атайды.</i></p> <p>3-тапсырма Суретке қара, сұраққа жауап бер.</p> <p><i>– Балалар, суреттен көрсетілген?</i></p> <div data-bbox="357 446 761 807" data-label="Image"> </div> <p>4-тапсырма электронды оқулық тыңды, қайтала.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Рефлексия</p> <p>Үстелдің үстінде түрлі-түсті қалпақтар тұрады. Оқушылар көңіл-күйлері мен алған біліміне қарай өздеріне қалпақ таңдап киеді.</p> <p><i>Қызыл – қобалжу, түсінген жоқпын.</i></p> <p><i>Сары – сабырлы, жартылай түсіндім. Жасыл – жақсы, бәрін түсіндім.</i></p>	



<p>Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгерудеңгейін тексеру жоспарыңыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие)</p>
<p>Қолдау көрсету. <i>Қабілеті жоғары оқушылар</i> оқу құралдары туралы жай сөйлемдер айтады.</p>	<p>• Өнер, ана тілі сабағы Оқушылардың өзара сыйластық, достық, қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.</p>	

Ұстаз ұсынысы

Қ.Қ. ТОҒАСБАЕВА,
«К.Әзірбаев атындағы
№ 15 орта мектеп» МКМ
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің NIS II деңгейлі
мұғалім.
Алматы облысы,
Іле ауданы

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты:

Қатысушыларға оқытуды бағалау (суммативті), оқу үшін бағалау (формативті), критериалды бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

Күтілетін нәтиже:

Шеберлік сыныбына қатысушылар бағалаудың түрлерін білетін болады және өздерінің оқу үдерісінің жоғарылауына әсер етулерін көреді.

Негізгі идеялар:

Оқытуды бағалау- суммативті бағалау,

Оқу үшін бағалау-формативті бағалау.

Көрнекіліктер мен қолданатын құралдар:

компьютер, проектор, экран, флипчарт, маркерлер, А3, А4беттер.

Сабақ барысы

Коуч сессияның этаптары	Уақыты (60 минут)	Мұғалім мен коучке қатысушылардың іс әрекеті
Амандасу	3 минут	К о у ч к е қатысушылармен амандасу,

		тақырыбы мен мазмұны мен таныстыру.
Топқа бөлу	5 минут	Психологиялық жағымды көңіл-күй орнату. Мұғалімдер қоржыннан шиыршықталған қағаздардың бір-біреуін алады. Қағаздарда сабаққа қатысушылардың есімдері жазылған. Әр мұғалім қағазда жазылған әріптесінің атын атап, оған өзінің жылы лебізін, тілегін айтады. Ұйымдастыру кезеңі. Қатысушылар үлестірілген қызыл, жасыл, сары жетондар арқылы үш топқа бөлініп отырады.
Миға шабуыл	5 минут	Мұғалімдерге Ф.П. Решетниковтың «Тағы да екілік» суреті ұсынылады. Мына

	<p>суретке мұқият қараңыздаршы, ондағы отбасы мүшелерінің әрқайсының көңіл-күйі қандай?</p> <p>Мектептен үйіне тағы да «екілік» бағасын арқалап қайтқан оқушының түр-әлпетінен нені аңғаруға болады? Ол өзін қалай сезініп тұр? Сурет неліктен «ТАҒЫ ДА екілік» деп аталады?</p> <p>Тағы да екілік! Кеше де, бүгін де, ертең де... Әріптестер, қалай ойлайсыздар, бұл баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасы бар ма? Жоқ болса, неге? Оған кім кінәлі, мұғалім бе, оқушы ма?</p> <p>Бүгінгі сабақта біз сіздермен қазіргі заманда білім саласындағы нағыз</p>
--	---

		<p>саясатқа айналған проблеманың бірі – бағалау мәселесіне тоқталамыз. Өйткені оқушының білімін бағалау – оның оқуға деген ынтасының мүлдем жоғалуына немесе қызығушылығының оянуына бірден-бір себеп. Мұғалімнің басты міндеті – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімінің жоғалуына жол бермеу.</p>
<p>«Дейін және кейін» стратегиясы.</p>		<p>« Д е й і н » : алдымен мұғалімдерге өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Әр топ ақылдаса отырып, өз</p>

		<p>ойларын постерге жазады, оны тақтаға шығып қорғайды.</p> <p>Бір топ жауап бергенде қалған екі топ олардың жауаптарын тыңдап, әр топ бірін-бірі бағалайды. Бағалап болғаннан кейін оларға бағалау критерийі ұсынылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырыптың ашылуы 2. Дәлелдердің нақтылығы 3. Қ а л а й бағалауға болады? 4. Сөйлеу мәнері 5. Сабақтың қай тұсында пайдалануға болады? 6. Постердің рәсімделуі. <p>Жауаптарыңыз критерийлерге сай келе ме? Егер мен бұл критерийлерді т а п с ы р м а н ы о р ы н д а т п а с бұрын, алдын-ала бергенде, сіздердің жауаптарыңыз да, бағаларыңыз да</p>
--	--	---

		<p>басқаша болып шығар еді.</p> <p>Топтар, енді осы критерийлер бойынша өздеріңіздің жауаптарыңызды бағалап көріңіздер және топтар бірін-бірі қайтадан бағалаңыздар, қай топтың жауабы жақсырақ деп ойлайсыздар? Салыстырыңыздар.</p> <p>Енді ойланыңыздар, не маңыздырақ, адамның өзін-өзі бағалауы ма немесе басқаның бағалауы ма? Сіздер өзіңізді қалай бағаладыңыз, басқа топтар сізді қалай бағалады? Салыстырыңыздар, өзін-өзі бағалау мен бірін-бірі бағалауда алшақтық бар ма? (Критерий бойынша дұрыс бағаласа, алшақтық болмайды).</p>
--	--	--

<p>Топтық жұмыс. Шығармашылық тапсырма</p>	<p>Үш топқа да көбелектің суретін салуды ұсынамын. Салынған суреттер бойынша топтар бірін-бірі бағалайды. Неге дәл осы бағаны қойғанын түсіндіреді. (Т о п т а р д ы ң арасында өз тобына қойылған бағамен келіспеушілік тууы мүмкін – менің көздеген мақсатым да осы: баға мәселесіне б а й л а н ы с т ы топтар арасында қақтығыс тудыру). Айтыңыздаршы, мен осы жерде қандай қателік жібердім? (Бағалау критерийін ұ с ы н б а д ы м , сондықтан бағаға к е л і с п е у ш і л і к туындады). Енді қ а т ы с у ш ы л а р ғ а көбелек суретіне б а й л а н ы с т ы бағалау критерийін ұсынамын. Бір-біріңіздің</p>
---	--

	<p>суреттеріңізді мына критерийлер бойынша тағы да бағалап көріңіздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Көбелек 4 түрлі түспен боялған.</i> 2. <i>Көбелектің фигуралы 4 қанаты бар.</i> 3. <i>Көбелектің денесі, мұртшалары бар.</i> 4. <i>Көбелектің көздері, аяқтары бар.</i> 5. <i>Көбелек гүлге қонып отыр.</i> <p>Енді критерийлерді бергенге дейінгі және бергеннен кейінгі бағалауды салыстырыңыздар. Айырмашылық бар ма? (Біреулер көбелектің көздерін немесе мұртшаларын салуды ұмытуы мүмкін). Критерий бойынша қойылған бағамен келісесіз бе? Суретті салу барысындағы өз қателіктеріңізді көрдіңіз бе? Жоғарыдағыдай баға мәселесіне</p>
--	---

		байланысты топтар арасында қақтығыс туды ма? Неліктен деп олайсыз?
Рефлексия	5 минут	<i>Коучттың сұрағы:</i> <i>-Не үшін сізге баға қойды?</i> <i>-Неге?</i> <i>-Көршіңізді бағалағанда неге көңіл бөлдіңіздер?</i> <i>-Бағалау қиын болды ма?</i> <i>-Біздің бағалау жүйеміз қандай қиындық тудырады?</i> <i>-Біздің бағалау жүйеміз қандай аспектілерді қамтыған?</i> <i>-Біздің балаларымыз неге сол бағаны алғандарын түсіне ме?</i> <i>-Әр оқушы күнделікті бағалана ма?</i>
Сергіту сәті	2 минут	Әлқиса
Табысқа жету жолы	5 минут	Суретті нашар салатын 2 қатысушыны сыртқа шығуды өтінемін, басқа қатысушыларға 1 сурет салатын қатысушыны сөзбен мадақтап,

		<p>салатын қатысушыны мадақтауын сұрайды. Екі қатысушыға бірдей тапсырма жылқының суретін салу тапсырылады, сурет салып болғаннан кейін оны бағалауды сұраймын.</p> <p>Сұрақ: 2-сурет <i>1. Сонымен, мадақтау оқушының жұмысына қандай нәтиже береді?</i> <i>2. Мадақтау бағалаудың қай түріне жатады?</i></p>
<p>Топтық жұмыс. Кластер жасау.</p>	<p>1 0 минут</p>	<p>Әр топқа тапсырма беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1 топ : <i>Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді?</i> • 2 топ : <i>К р и т е р и а л д ы бағалаудан мұғалім не ұтады?</i> • 3 Т о п : <i>К р и т е р и а л д ы бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма?</i>

		Топтар өз кластерлерін қорғайды. Топтар бірін бірі толықтырады, ой бөліседі. Олардың жауаптары төмендегідей болуы мүмкін немесе өзім толықтырамын.
Теория	3 минут	Формативтік, суммативтік, критериалдық бағалау. (презентация) Видеоролик (Оқытуды бағалау).
« Д е й і н ж ә н е к е й і н » стра- тегиясы.		«Кейін»: мұғалімдерге тағы да өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Мұғалімдер осы сұрақ бойынша «Дейін» не білгендерін және «Кейін» не біліп шыққандарын салыстырады, қорытынды шығарады. Өз түсініктерін қорғайды, дәлелдейді. Бағалаудың түрлері. Мұғалімдерге бағалаудың түрлері және оларды қолдану туралы слайдтар арқылы түсіндіремін: <i>Білім ағашы;</i> <i>Екі жұлдыз, бір тілек;</i> <i>Алты қалпақ;</i> <i>«Бағдаршам» әдісі;</i> <i>Кері байланыс т.б.</i>

Қоры-тын-дылау	5 минут	Жоғарыдағы «Тағы да екілік» суретіне қайта оралу: Қалай ойлайсыздар, суреттегі баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасын ояту үшін не істеу керек?																		
Рефлексия		<p>Әр мұғалімге өзін-өзі бағалау парақшалары үлестіріледі, олар бүгінгі сабақтан алған өз білімдерін берілген критерий арқылы бес балдық жүйе бойынша бағалайды:</p> <table border="1" data-bbox="456 635 878 1376"> <thead> <tr> <th data-bbox="456 635 515 715">№</th> <th data-bbox="515 635 700 715">Критерий-лер</th> <th data-bbox="700 635 878 715">И г е р у деңгейі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="456 715 515 827">1.</td> <td data-bbox="515 715 700 827">Б і р і н - б і р і бағалаудың тиімділігін білемін.</td> <td data-bbox="700 715 878 827">1,2,3,4,5.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="456 827 515 940">2.</td> <td data-bbox="515 827 700 940">Ө з і н - ө з і бағалау білудің п а й д а с ы н түсіндім.</td> <td data-bbox="700 827 878 940">1 2 3 4 5</td> </tr> <tr> <td data-bbox="456 940 515 1075">3.</td> <td data-bbox="515 940 700 1075">Критериалды бағалауды өз тәжірибемде п а й д а л а н а аламын.</td> <td data-bbox="700 940 878 1075">1 2 3 4 5</td> </tr> <tr> <td data-bbox="456 1075 515 1288">4.</td> <td data-bbox="515 1075 700 1288">О қ ы т у д ы ң жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (т о п т ы қ ж ұ м ы с , психологиялық ахуал, т.б.)</td> <td data-bbox="700 1075 878 1288">1 2 3 4 5</td> </tr> <tr> <td data-bbox="456 1288 515 1376">5.</td> <td data-bbox="515 1288 700 1376">Бағалаудың түрлерін білемін</td> <td data-bbox="700 1288 878 1376"></td> </tr> </tbody> </table>	№	Критерий-лер	И г е р у деңгейі	1.	Б і р і н - б і р і бағалаудың тиімділігін білемін.	1,2,3,4,5.	2.	Ө з і н - ө з і бағалау білудің п а й д а с ы н түсіндім.	1 2 3 4 5	3.	Критериалды бағалауды өз тәжірибемде п а й д а л а н а аламын.	1 2 3 4 5	4.	О қ ы т у д ы ң жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (т о п т ы қ ж ұ м ы с , психологиялық ахуал, т.б.)	1 2 3 4 5	5.	Бағалаудың түрлерін білемін	
№	Критерий-лер	И г е р у деңгейі																		
1.	Б і р і н - б і р і бағалаудың тиімділігін білемін.	1,2,3,4,5.																		
2.	Ө з і н - ө з і бағалау білудің п а й д а с ы н түсіндім.	1 2 3 4 5																		
3.	Критериалды бағалауды өз тәжірибемде п а й д а л а н а аламын.	1 2 3 4 5																		
4.	О қ ы т у д ы ң жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (т о п т ы қ ж ұ м ы с , психологиялық ахуал, т.б.)	1 2 3 4 5																		
5.	Бағалаудың түрлерін білемін																			

		(«Білім ағашы», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Кері байланыс», «Алты қалпақ»).	1 2 3 4 5
К е р і байланыс		<p>«Үш минуттық тыныштық»: мұғалімдер бүгінгі сабақтан алған әсерлері, не үйреніп шыққандары туралы стикерлерге жазады, тақтаға жапсырады. Топтар бір-біріне екі жұлдыз, бір тілек айтады.</p> <p>Сөзімнің соңында айтарым, бүгінгі алған білімдеріңізбен басқа да әріптестеріңізбен бөлісіңіздер. «Бойыңда білімің бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғызыңыз», - деген Томас Фуллердің сөзін ұмытпаңыз.</p>	

№	Бағалау критерийлері	Балл
1.	<i>Тақырыптың ашылуы</i>	
2.	<i>Дәлелдердің нақтылығы</i>	
3.	<i>Қалай бағалауға болады?</i>	
4.	<i>Сөйлеу мәнері</i>	
5.	<i>П о с т е р д і ң рәсімделуі.</i>	

№	Бағалау критерийлері	Балл
1.	<i>Көбелек 4 түрлі түспен боялған</i>	1
2.	<i>Көбелектің фигуралы 4 қанаты бар.</i>	1
3.	<i>Көбелектің денесі, мұршиалары бар.</i>	1
4.	<i>Көбелектің көздері, аяқтары бар.</i>	1
5.	<i>Көбелек гүлге қонып отыр.</i>	3

Критерийлер	Игеру деңгейі				
Бірін-бірі бағалаудың тиімділігін білемін.	1	2	3	4	5
Өзін-өзі бағалау білудің пайдасын түсіндім.	1	2	3	4	5
Критериалды бағалауды өз тәжірибемде пайдалана аламын.	1	2	3	4	5
Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (топтық жұмыс, психологиялық ахуал, т.б.)	1	2	3	4	5
Бағалаудың түрлерін білемін («Білім ағашы», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Кері байланыс», «Алты қалпақ»).	1	2	3	4	5

Сыныптан тыс шара



А. Т. КОКЕТАЕВА,
№25 С. Сейфуллин атындағы
жалпы орта мектебі.
Түркістан облысы,
Келес ауданы

ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БЕЛГІ, ХАЛЫҚТЫҚ МҰРА, ДҮНИЕТАНЫМ ҚҰРАЛЫ

Мақсаты:

Білімділік:

а). Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып өркен жайғанын таныту;

ә). Тіл құдіретін мысалдар арқылы меңгерту;

б). Қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеде қолданылуына көңіл аударту.

Дамытушылық:

а). Тіл әуезділігін, көркемділігін, байлығын, шешендігін көрсететін сөздер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдерді үйрету, мәнін ашу;

ә). Ана тіліне сүйіспеншілік көзқарасын

қалыптастыру.

Тәрбиелік:

а). Тіл тазалығын сақтауға, мәдениетті сөйлеуге баулу;

ә). Мақал-мәтелдер арқылы қазақтың тіл өнерін оқушы бойына сіңіру, ойланып сөйлеуге, адамгершілікке тәрбиелеу;

б). Ана тілін сүюге баулу, қадірлеп қастерлей білуге үйрету.

Әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, өлеңдер оқу, ойындар ұйымдастыру.

Түрі: дәстүрлі емес сабақ түрі – жарыс сабақ.

Көрнекілігі: тіл туралы нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, суреттер.

Барысы:

1. **Ұйымдастыру кезеңі.** Психологиялық ахуал қалыптастыру.

2. Топқа бөлу.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

Мұғалім:

– Балалар, бүгінгі сабағымыз «Тіл мерекесіне» арналады. «Тіл мерекесін» тойлау бірнеше жылдардан бері дәстүрге айналып келеді. Бүкіл халқымыз тойлайтын төл мерекемізге біз де өз үлесімізді қосайық. Олай болса, **«Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы»** атты қызықты сұрақтар мен қызықты ойындардан құралған сабағымызды бастаймыз.

Сабағымызды мерекемізге арнап, «Мерекелік жыр шашудан» бастаймыз.

Жыр шашу:

1-оқушы: Қ. Мырзалиев. “Ана тілі”.

2-оқушы: М. Мақатаев. “Үш бақытым”.

3-оқушы: А. Оразақын. “Ана тілі”.

Мұғалім:

– Иә, біз тілдің көмегімен өнер-білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Әлемді тануымыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі – сөз өнері. Осыған орай, дана халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» деген.

4. Жаңа сабақ. Оқулықпен жұмыс.

а). 1-тапсырма.

– *Тіл, сөз өнері туралы кім көп мақал-мәтел біледі? Оның мағынасын түсіндіріңдер.*

ә). 2-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны.

– *Керекті сөздерді, сөз тіркестерін тауып, орнына қойыңдар, айтылған ойдың мағынасын түсіндіріңдер.*

1. ... қарай кісіні ал, кісіге қарап ... алма (*Абай*).

2. ... көркі – тіл, тілдің көркі - ... (*Ж. Баласағұн*).

3. Әр халықтың – білімнің кілті (*А. Жұбанов*).

4. Ана тілін тек гана менсінбейді, гана аяққа басады (*Ғ. Мүсірепов*).

5. Өз тіліңді тұрып, сүйе алмайсың.

(*К. Паустовский*).

Мұғалім:

– «Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген қанатты сөзді айтқан данышпан ақынымыз Абай Құнанбайұлының келесі жылы неше жылдық мерейтойын тойлайын деп жатырмыз? Абай атамыздың қандай өлеңдерін, қандай әндерін білесіңдер?

1-оқушы: А. Құнанбайұлы. Ғылым таппай мақтанба.

2-оқушы: А. Құнанбайұлы. Желсіз түнде жарық ай.

Топтық жұмыс. Арнайы тексеру сұрақтары.

1. – Қ.Р. «Тілдер туралы» қазақ тілі туралы не делінген?

2. – Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра дегенді қалай түсінесіңдер?

3. – Қ.Р. «Тіл туралы» Заңы қашан қабылданды?

4. – Ана тілінің құрметі қандай?

5. – 2050 жылы сен қанша жаста боласың және сен «Тілдің дамуына» қандай үлестер қосар едің?

6. – Сөз зергері *Ғ. Мүсірепов* «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» деген сөзін қалай түсінесіңдер?

Мұғалім:

– Бүгінгі мерекелік сабағымызға орай ана тіліміздің қадір-қасиетін дәріптейтін Шона Смаханұлының сөзіне, Ә. Тінәлиевтің әніне жазылған «Анамның тілі – аяулы үні» әнін хормен орындайық.

Ән «Анамның тілі – аяулы үні» (хор)

Мұғалім:

– Ал, балалар, осымен «Тіл мерекесіне» орай

ұйымдастырылған «Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы» атты сабағымызды аяқтаймыз. Қорыта келе, айтарым әрқашан ұлтымыздың ұлы байлығы болған «Тілімізді» қадірлеп, қастерлей білейік. Тіліміздің білімді, намысты жанашыры болайық.

5. Үйге тапсырма. Шығарма «Ана тілін сүймеген, халқын сүйіп жарытпас».

6. Кері байланыс. «Даналық ағашы» арқылы оқушылар сабақтан алған әсерлерін алма пішіндес стикерлерге жазып, ағашқа жабыстырады.

7. Бағалау. Табыс критерийі бойынша бағалау.



ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР – БОЛАШАҚҚА ЖОЛ БАСТАР

Жүргізуші: – Қайырлы күн құрметті қонақтар және кітапхана оқырмандары! Баршаңызды қалалық кітапханада көргенімізге қуаныштымыз. Қош келдіңіздер!

Егемендік жастары – көкке өрлеген,

Білімдердің қазығын дөп меңгерген.

Ғылымдарды саралап биік қойып,

Алаш үшін тер төгіп ой серметкен.

2018 жылдың 5 қазанында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. Тиісті Жарлыққа 2018 жылғы 14 қарашасында қол қойылды. Алайда, мұндай ұрпақты тәрбиелеу үшін, ең алдымен, олардың жан-жақты дамуы үшін барлық жағдай жасау қажет. Жыл аясында осы бағытта Қазақстанда білім беру бағдарламалары, жастарды тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламалары іске асырылатын болады. Сондай-ақ, жастардың бастамалары мен инновациялық жобаларын қолдауға ерекше назар аударылатын болады. Жастық шақ – тамаша кезең! Жас кезде қиял шексіз болады. Біз жеңе алмайтын кедергілер жоқ деп ойлаймыз. Әр адам өзінше талантты, тумасынан

дарынсыз адам болмайды! Әрқайсысының талантын шыңдай білу керек. «Жалынды жастар – болашаққа жол бастар» атты жұлдызды кездесуіміздің қадірлі қонақтарымен таныс болыңыздар!

Бүгінгі біздің қонақтарымыз:

Калиоллина Аяжан Ардаққызы – жас аудармашы.

Хасанова Аида Жантурина - ақын.

Бүгінгі кешімізге Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Әнес Эльвира қатысып отыр.

Жүргізуші: – Кешімізді бастамас бұрын «Атамұра» балалар аула клубының «Ән мұра» үйірмесінің тәрбиеленушісі Утепов Алихан Ғ.Құрманғалиевтің «Еңбек» термесін орындап береді. Жетекшісі: Ләйлі Телманқызы.

Жүргізуші: – «Аударма – адам қызметінің ең ежелгі түрі. Адамзат тарихында тілдері бір-бірінен айырмашылығы бар адамдар тобы құралғаннан бастап «әртүрлі тілді» ұжымдар арасында қарым-қатынас жасауға көмектесетін «билінгтер» пайда болды. Аудармашы «шын мәнінде екі ел мәдениеті мен әдебиетінің уәкілі, ол өзінің шығармашылық шеберлігінің жемісі – аударма арқылы өзге ұлт пен халықта, бөгде ортада туған әдеби шығарманы туған топырағына әкеп, ана тілінде сөйлету жолымен рухани жаңалық ашады, оқырманының дүниетаным шеңберін, сана-сезімін ұлғайтуға себепші болады. Міне осындай аударма ісімен айналысып жүрген жас

аудармашы Калиоллина Аяжан Ардаққызы.

Сөз кезегі №19 орта мектептің директоры, жоба жетекшісі **Жұмағалиева Алтын Ғиниятқызына** беріледі.

Жүргізуші: – Әлем әдебиетін қазақ тіліне аударудан республика бойынша Назарбаев зияткерлік мектептері түлектерінен кейінгі төртінші, ал жалпы орта білім беретін мектептердің арасында бірінші оқушы – аудармашы **Аяжан Ардаққызына** сөз кезегін берсек.

Келесі сөз кезегі ағылшын тілі пәні мұғалімі: Мурадымова Алмагүл Шатланқызына; Байғанатов Нұрболға және Болатова Айнұрға беріледі.

Кезекті оқырмандарға берсек, Аяжанға қоятын сұрақтарыңыз болса қоюларыңызға болады.

Жүргізуші: – Бүгінгі «Жалынды жастар – болашаққа жол бастар» атты жұлдызды кездесуіміздің кезекті қонағымен таныс болсақ.

Жүргізуші: – Рухани жаңғырсын жастарымыз,
Үштілділік бет алып жарасармыз.

Уақыт өтсін ұршығын иіріп ап

Қазақ елін әлемге паш қыламыз, – деп жырлаған, үш тілді еркін меңгеріп, академиялық ұтқырлық бойынша өз білімін шет елде дәлелдеп келген, бүгінгі қазақ әдебиетінің, соның ішінде өлең өлкесіне жаңадан қосылып жатқан жас ақын Хасанова Аида Жантурина. Аидаға сұрақтар қойылады.

Жүргізуші: – «Атамекен» балалар аула клубының

өнерпаз өрендерінің өнерлерін тамашаласақ.

Музыкалық номер: «Атамекен» триосы «Мәңгілік ел» әнімен.

Жүргізуші: – Жас ұрнақ бар елінің көшін бастар,
Бәйтеректей шыңдарға қанат қазар.
Тәуелсіздік көк туын желбіретер,
Болашаққа өрлеген жастары бар...

Қонақтарға сұрақтар:

1. Сіз ұқсағыңыз келетін әдеби кейіпкер немесе бір тарихи тұлға?
2. Сіздің әуестігіңізге хоббиыңызға отбасы жақындарыңыз, достарыңыз қалай қарады?
3. Сіздің бастамаларыңызды қолдайды ма?
4. Сіздің қалам ұстап, шабыт тұлпарына мінуіңізге не түрткі болды?
5. Бала кезіңізде кітапқұмар болдыңыз ба?
6. Шығармашыл адамдардың көбі көңіл-күй адамы дейді. Сіз қандай адамсыз?
7. Әр адамның өз арманы бар және әрбір арман өмір сүруге құқылы. Арманыңыз туралы айтып беріңізші?
8. Өзіңізге ұнайтын бойыңыздағы 5 жақсы, 5 жаман қасиеттерді айтсаңыз.
9. Ақын ретінде сізді көбіне не шабыттандырады?
10. Қазақтың ұлы ақын – жазушыларынан кімді үлгі тұтасыз?
11. Бүгінгі кештен алған әсеріңіз?

Жүргізуші: – Жастарға жол ашылды әр салада,
Білімді игере бер қай жақтан да.

*Бастысы елге пайда тигізе көр
Рухани жаңғырғайсың әрбір жолда.*

Сөз кезегі Орталық қалалық кітапхана директорының орынбасары Айтжанова Райхан Зинетқызына беріледі.

Жүргізуші: – Адамдар жиі айтады, жастық шақ өмірдің ең жақсы қазынасы, оны сақтау керек. Біздің өңірде талантты жастардың алтын қоры бар және бүгінгі кездесу кешіміз мұны дәлелдеді. Біздің іс-шарамыздың барлық қатысушыларына қызықты және қызғылықты әңгімелеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз және келешекте баршаңызға шығармашылық табыс тілейміз! Кітаппен дос болайық, достар! Жаңа кездесулерге дейін! Сау болыңыздар!

Музыкалық номер: «Атамекен» клубының тәрбиеленушісі Жолдығалиева Алина «Дархан қазағым» әнімен.



ОН БЕСІНДЕ ҚОЛ БАСТАҒАН – САРТАЙ БАТЫР

*Ер Сартай жау әскерін кескілеген,
Жай өлмей көп жендетті ала өлген.
Он жеті ұлы, жүз сарбазы көп соғысып,
Дұшпанға өлмей тірі берілмеген
(Сегіз сері.)*

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында жастар жылына орай Сартай батырды насихаттау мақсатында «Он бесінде Отаным деп ту алған» атты тарихи сағат өткен болатын. Тарихи сағаттың негізгі мақсаты: Сартай батырдың ерлігін насихаттау, өскелең ұрпаққа дәріптеу.Шара барысында батыр жайлы видеослайд көрсетіліп, жырлар оқылды және «Жау жүрек мың бала» көркем фильмі көрсетіліп, фильмдегі Сартайдың образы, жасаған ерліктері талқыланды.

Аңырақай шайқасында мың баладан қол жинап, жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен жаужүрек Сартай батыр туралы әр алуан пікірлер айтылып жүргені мәлім. Кейбір тарихшы ғалымдар Сартайды аңыздан құралған батыр десе, кейбірі оның шығу тегі мен жасаған ерлігін албан руынан шыққан Ханкелдіұлы Райымбек батырға әкеліп тірейді. *Ал шындығында, Сартай*

кім, қайдан шыққан, ол туралы тарихи деректер не дейді? Мінебізденісозғанжауапізденкөрейік. Сартай батыр туралы тарихи деректерді екі топқа бөліп қарастырсақ, бірі ол туралы ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер мен тарихи-жырлар болса, екіншісі Сартай батыр жайлы жазылған жазба деректер.

Алғашқы дерек көздеріне Нұрмағанбет Қосжановтың «Мың бала» дастанын жатқызуға болады. Онда Сартай батырдың азаттық қозғалыстағы қаһармандық ерлігі жан-жақты сипатталады. Осы шығармасы үшін ақын Нұрмағанбет Қосжанов 1930 жылы саяси қудалаудың нысанасына ілігіп, жазықсыздан 5 жылға сотталады. Саяси қудалау мұнымен тоқтамай, Ақтөбе қаласының НКВД үштігі Нұрмағанбет Қосжанұлын «халық жауы» деп айыптап, ату жазасын кесіп, үкім сол жылы 4 қыркүйекте орындалады. Осыдан соң Сартай батыр бастаған шығармаға тиым салынып, 70 жыл бойы айтылмай келді. Ақын Нұрмағанбет Қосжановтың **“Сартай батыр” атты тарихи поэмасында** мың баланың жасағын басқарған 15 жасар Сартайдың Әбілқайыр хан басқарған қазақ халқының әскерімен бірге Аңырақай шайқасындағы ерлігі жырланады. Тарихи жырдағы дерекке сүйенер болсақ, Сартай -1711 жылдары дүниеге келген деп топшылауға болады. **Сонымен қатар Сартайдың шығу тегін Арал өңірі қазақтарының шежірелік мәліметтерінде оны кіші жүз Әлімұлы тайпасының шекті руына жатқызады. Ақын Зейнулла Шүкіровтің жазып қалдырған шежіресінде Жаманақ/Шекті/- Шыңғыс –Жақайым, одан – Ақбура, оның үлкен әйелінен – Абат, кіші әйелінен – Асан. Асаннан үлкен Асан және кіші Асан.**

Ал кіші Асаннан – Қосқұлақ, одан Байжан. Байжан бидің екінші әйелінен – қолбасшы, би, батыр Сартай шамамен 1711 жылы туылған. Сартай батыр ұзақ өмір сүріп, 1817 жылдың қысында қайтыс болады. Бейіті қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы, бұрынғы Райым бекінісі жанында.

Ел аузындағы аңыз әңгімелерде Сартай Байжанұлының қарақылды қақ жарған би, елін қорғар батырлығымен бірге діни сауаттылығы және әулиелік қасиеті де айтылады. Сол аңыздардың бірінде ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би, ақын, дала данагөйі, пәлсапашы Мөңке би өлерінде **«жаназамды жақайым Байжан бидің баласы Сартай би шығарсын»** деп аманаттайды. Арал өңірі халықтарында сақталған аңыздардың бірінде, «Қосым қожа төртқара Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі Қызылдың құмында келе жатып, алдарынан шыға келген қоянды көреді. Қоян да бұлардан үрікпей, арқан бойы жерде көрініп тұрған сексеуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым қожа: «Мен өлгеннен кейінгі бейітім анау қоян жатқан жер, сен Сартай оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсыңдар» деген екен.

Жасы ұлғайып, әбден қартайған Сартай батыр дүниеден озар шағында ағайын-туыстарымен, балаларымен араздасып, қоштасып: **«Мені Қызылқұмдағы Қосым қожаның оң жағына жерлеңдер»** деген. Қыс мезгілі болса керек, таңдана қараған балаларын түсінген әкесі: **«Қорықпаңдар, мені ақ бураға артып басын бос қоя бер, межелі жерге сол жеткізер»**, – дейді. Қайтпас сапарға аттанған баба сүйегін қыстың саршұнақ аязына қарамастан, ақ

бура Қызылқұмды бетке алып, қаралы топты бастап желе жортқанда, күн райы бірден сынып, сіреу қар ери жөнелген. Ешқандай қиындықсыз Қосым қожа бейітіне жеткен қаралы топ Сартай денесін жер қойнына тапсырып, қайтуға жиналғанда, қыс қаһары қайтадан күшіне мінген (баба құдіретіне таңданбасқа лажың жоқ. — Ж.К.)

Кезінде Қаздауысты Қазыбек би Сартай батырға аталық мейіріммен сынап қарап: *«Үш жүзге аға болғалы тұрған бала екенсің, есімің ақырға дейін барар»*, — деп разылығын білдірген. Сол айтқандай, үш ғасыр өтсе де, Сартай батырдың есімін ұрпақтары ұмытқан жоқ. Бабамыздың ерлігі, айтқан билігі осы күнге дейін жетті. Осындай құдіреттің иесі Сартай батыр қазақ тарихында ең алдымен он бесінде қол бастаған кемеңгер қолбасшы, қаһарман батыр, ел басқарған көсем, ақыл-ойдың алыбы, киелі де қасиетті көріпкел әулие ретінде мәңгі қалмақ.

Туған жердің әр түйір тасы мен топырағын қорғау жолында жан беріп, жан алысқан бабалар ерлігін әрдайым еске алып, кейінгі толқынға аманаттап отыру — ұлттық парызымыз.



Н. ӘБЖАН,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

САҒИ ЖЫРЫН САҒЫНҒАН СЕЛИМ

Ел болдық, етек жеңімізді жинадық. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан байтақ даламызға өзіміз қожа, өзіміз би болғандықтан, қожайындықтың рөлін дұрыс сомдау міндет екендігін түсіндік. Ел мен жерді егемендікке жеткізгеннен кейін оны сақтап қалу – одан да қиын дүние екендігін де ұғындық. Енді оған қайтпек керек? Білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күш көрсетіп қамал алатын кезең келмесе кетті. Қолға заманауи қару алып, оның жаңа үлгілерін жасай отырып өзіңнен басқа өзге елдерді сол суық құрылғының күшімен сескендіру. Дегенмен де оның шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар облыс көлемінде мүшәйралар т.с.с. игі шаралар атқарылды. Міне, осындай игі ізденіс үстінде мынадай бір қызықты жағдайға жолықтық. Біздің қазақта кім, қай жерден шықса көбіне сол жердің халқы ғана құрметтеп өзге өңірлер жиі атай алмай жататын жағдайлар болады ғой. Ал мына жағдай бізді қатты таң қалдырды. Жуырда Түркия мемлекетіндегі бір азаматпен таныс болдық. Ол жігітте қазақшаны жақсы меңгерген екен. Әңгіме барысында оқу орны,

қазіргі жасап жатқан қызметі жөнінде де сұрақтар болған.

Сол кезде қандас бауырымыз Түркиядағы Ушак



университетінің докторанты болып шықты. Ал қорғаған жұмысын сұрағанымызда, қазақтың лирик ақыны Сағи Жиенбаевтың

өлеңдері туралы деген болатын. Міне қызық, қандай сәйкестік десеңізші?! Көктен іздегеніміз жерден табылғандай болды. Өзіміздің дүниені өзгелерауызынан есту деген бір бақыт екендігін сол жерде түсінгендейміз. Қазақтың ақын ұлының шығармашылығы тек өз арамызда ғана емес, көрші елдердің әдебиетінде де талқыға түсіп, насихатталғанына ішімізден қатты қуандық.

Селим Аккая атты азаматымыз өзінің дипломдық жұмысына сыршыл ақынның жырларын тақырып етіпті. Өзінің бұл ақынның шығармашылығына тәнті екендігін тиек етті. Бұл тақырыпты таңдау себебі, қазақ-түрік ағайынды



халық болғандықтан, көрші тұрған бауырларымыздың да әдебиетіне үнілуді жөн көргендігін алға тартты.



Көрші ел ақындарының шығармашылығын оқу барысында жаныма жалау болып, көңіліме сәуле түсіріп, өзімді қатты толғандырған Сағи өлеңдері болды, сондықтан сыршыл ақынды таңдадым дейді. Әдебиет факультетін бітірген Селим алдағы уақытта Ақтөбе облысында орналасқан бұл кітапханаға да келгісі келетіндігін, Сағидың туған жерін көргісі келетіндігін айтты. Біз де ол жігітпен

әңгімелесу барысында өңірімізден шыққан талай тұлғаларды тілге тиек етіп, алдағы уақыттарда бірлесіп жұмыстар атқарсақ деген ұсыныстар да жасадық.

Аңсаған арманың жүзеге асып, асылың ардақталып жатса, жүрегің шынымен де қуаныш табады екен. Сағи ағамыздың сырлы да құнды өлеңдерін тек көрші елдерге таныту емес одан



да зор әлем елдеріне танытып, өзінен қалған осындай құндылықтарды одан әрі насихаттау, жастардың санасына сіңіру – біздің міндетіміз деп білеміз.

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.10. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2019 ж., 144 бет, Алматы.